

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 24 шілдедегі № 567 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 тамызда № 11969 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫШ**:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

міндеттін атқарушы

Т. Жақсылыков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушы

С. Омаров

2015 жылғы 31 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы

A. Pay

2015 жылғы 29 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрінің
міндетін атқарушы

Ұ. Қарабалин

2015 жылғы 27 шілде

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 24 шілдедегі
№ 567 бүйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бүйрықтарының тізбесі

1) "Тұтынушыларға және өзге де мұдделі тұлғаларға реттеліп көрсетіletіn қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жөніндегі табиғи монополия субъектісінің қызметі туралы жыл сайынғы есепті өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 150 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10110 тіркелген, "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 12 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Тұтынушыларға және өзге де мұдделі тұлғаларға реттеліп көрсетіletіn қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жөніндегі табиғи монополия субъектісінің қызметі туралы жыл сайынғы есепті өткізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қағидалар "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және табиғи монополиялар субъектілерінің тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдында реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жөніндегі табиғи монополиялар субъектісінің қызметі туралы жыл сайынғы есепті өткізу тәртібін белгілейді.

Осы Қағидалар қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жыл сайынғы есеп бойынша алдағы уақытта болатын тыңдау туралы хабарландыруды жариялағаннан кейін табиғи монополия субъектісі жыл сайынғы есеп бойынша тыңдауды өткізгенге дейін бес жұмыс күні бұрын Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген ақпаратты, сондай-ақ Қағидалардың 13-тармағының әрбір тармақшасы бойынша негізdemelerdі өзінің интернет-ресурсында орналастырады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Табиғи монополия субъектісінің сөйлейтін сөзі мынадай:

1) инвестициялық бағдарламалардың және (немесе) инвестиациялық жобалардың, оның ішінде уәкілетті органның ведомствоны бекіткендердің орындалуы туралы;

2) табиғи монополия субъектісі қызметінің есепті кезеңдегі негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы;

3) ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) есепті кезеңдегі көлемдері туралы;

4) реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы;

5) уәкілетті орган бекіткен тарифтік сметаның әрбір бап бойынша есепті кезеңде орындалуы туралы;

6) қызметтің перспективасы (даму жоспарлары), оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтері туралы ақпаратты қамтиды.

Табиғи монополия субъектісінің есебі Қағидалардың осы тармағының 1)-6) тармақшаларында көзделген ақпарат бойынша негізdemelerdі қамтиды.

Өз сөзінде табиғи монополия субъектісі тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынудың сапасы жөнінде егжей-тегжейлі түсіндірме береді.

Тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалардың алдында есеп беретін табиғи монополия субъектісінің атынан бірінші басшы не бірінші басшының міндеті атқару жүктелген адам сөз сейлейді.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Тыңдаудың хаттамасы тыңдау өткізілген күннен бастап үш жыл бойы (тарифтің шекті деңгейін қолдану кезеңінде) тыңдауды өткізген табиғи монополия субъектісінің мұрағатында сақталады.";

мынадай мазмұндағы 21-тармақпен толықтырылсын:

"21. Табиғи монополия субъектісі тұтынушылардың және өзге де мұдделі тұлғалардың алдында есеп өткізген сэттен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында және өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті орган ведомствоның интернет-ресурсында реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жөніндегі қызмет туралы жыл сайынғы есепті негізdemelerімен орналастырады.

Егер табиғи монополия субъектісі қызмет туралы есепті негізdemelerімен уәкілетті орган ведомствоның интернет-ресурсында жариялауға жіберген жағдайда, онда жыл сайынғы есепті уәкілетті органның ведомствоны ол түсken сэттен бастап бес жұмыс күні ішінде орналастырады.";

2) Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.02.2017 № 36 бұйрығымен.

3) "Табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетіletіn қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тен жағдайларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 175 бұйрығына (Нормативtіk құқықтық актілерді мемлекеттік тіrkeu тіzіліmіnde № 10705 tіrkелген, "Әdіlet" aқparattық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 27 сәуірде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар саласындағы реттеліп көрсетіletіn қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізудің тен жағдайларын ұсыну қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Төлемақы алынбайтын электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, газben жабдықтау, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру желілеріне объектілерді қосуға арналған техникалық шарттарды беру мен қайта ресімдеу жөніnde көрсетіletіn қызметтерді қоспағанда, тұтынушылар көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуді уәкілетті орган бекіткен тарифтер бойынша жүргізеді.";

4) "Қуаттылығы az табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін оңайлатылған мемлекеттік реттеу ережесін бекіту туралы" Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 176 бұйрығына (Нормативtіk құқықтық актілерді мемлекеттіk тіrkeu тіzіліmіnde 2015 жылғы 19 наурызда № 10512 tіrkелген, "Әdіlet" aқparattық құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 1 сәуіrде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін оңайлатылған мемлекеттік реттеу ережесі осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5) "Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесін бекіту туралы" Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 186 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10469 тіркелген, "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 31 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесінде:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін транзиттеу және экспорты мақсатында тасымалдауды қоспағанда, оларды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау саласында:

мұнайды магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызмет;

бірыңғай маршруттау бойынша операторлық қызмет;

мұнайды магистральдық құбыржол жүйесі арқылы қайта айдау;

мұнайды теміржол цистерналарынан құйып алу;

мұнайды теміржол цистерналарына құю;

мұнайды танкерлерге құю;

мұнайды автоцистерналардан құйып алу;

мұнайды автоцистерналарға құю;

мұнайды сақтау;

мұнайды ауыстырып құю;

мұнайды араластыру.

2. Тауарлық газды сақтау, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы оны транзиттеу және экспорты мақсатында оны тасымалдауды қоспағанда, жалғастырушы магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау саласында:

тауарлық газды жалғастырушы газ құбыржолдары арқылы тасымалдау;

тауарлық газды магистральдық газ құбыржолдары арқылы тасымалдау;

тауарлық газды Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау;

сұйытылған газды топтық резервуарлық қондырғыдан тұтынушыны қосатын кранға дейін газ құбыржолдары арқылы тасымалдау;

тауарлық газды сақтау;

шикі газды жалғастырушы газ құбыржолдары арқылы тасымалдау;

топырақтың жылуын, жерасты суларды, өзендерді, су айдындарын өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыштарының сарқынды суларын пайдалана отырып, өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын;

жылу энергиясын өндіру;

жылу энергиясын беру және тарату;

жылу энергиясымен жабдықтау;

жылу энергиясын өндіру, беру және тарату;

жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау.

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бәсекелес теміржол болмаған жағдайда, концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар қызметін көрсету саласында:

бәсекелес теміржол болмаған жағдайда, концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар темір жолдарды пайдалануға беру.

9. Бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда, кірме жолдар саласында:

бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру;

бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Порттар, әуежайлар саласында:

теңіз портының көрсетілетін қызметтері:

кейіннен порттан шығып жүк операцияларын жүргізу және/немесе өзге мақсаттар үшін кеменің теңіз портына кіргені үшін (кеменің кіруі) көрсетілетін қызметтер;

әуежайлардың көрсетілетін қызметтері:

Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңестігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, әуе кемесінің ұшуы мен қонуын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңестігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе көнестігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, қонатын әуежайда өндөуге (тиеуге және/немесе түсіруге) жататын жүктөр (пошталар) болған жағдайда, жолаушылар тасымалдайтын әуе кемесіне қонғаннан кейін үш сағаттан және жүктасымалдайтын әуе кемесіне жүк-жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінің сертификаттаған үлгілері үшін алты сағаттан астам тұрақ орнын беру;

әуе кемесіне базалық әуеайлақта тұрақ орнын беру.;"

12-тармақ алып тасталсын;

15-тармақ алып тасталсын;

6) "Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) бекіту және оны түзету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 194 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 17 наурызда № 10459 тіркелген, "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 3 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополия субъектісінің инвестиациялық бағдарламаларын (жобаларын) бекіту, оларды түзету, сондай-ақ олардың орындалуы туралы ақпаратқа талдау жүргізу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополия субъектісінің инвестиациялық бағдарламаларын (жобаларын) бекіту, оларды түзету, сондай-ақ олардың орындалуы туралы ақпаратқа талдау жүргізу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополия субъектісінің инвестиациялық бағдарламаларын (жобаларын) бекіту, оларды түзету, сондай-ақ олардың орындалуы туралы ақпаратқа талдау жүргізу қағидалары осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7) "Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерді қарау кезінде жария тындаулар өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 219 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10742 тіркелген, "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 30 сәуірде жарияланған):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерді, сондай-ақ электр энергетикасы саласындағы реттелетін нарық субъектісінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаның жобасын қарау кезінде жария тындаулар өткізу қағидаларын бекіту туралы";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 2-тармағына және 14-1-бабы 1-тармағынының 4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерді, сондай-ақ электр энергетикасы саласындағы реттелетін нарық субъектісінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаның жобасын қарау кезінде жария тындаулар өткізу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерді, сондай-ақ электр энергетикасы саласындағы реттелетін нарық субъектісінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаның жобасын қарау кезінде жария тындаулар өткізу қағидалары осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейір бұйрықтарының
тізбесіне 2-қосымшасы
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2014 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 174 бұйрығымен бекітілген

Реттелетін нарықтардағы бағаны белгілеу, реттелетін нарық субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) бекіту және түзету қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Реттелетін нарықтардағы бағаны белгілеу, реттелетін нарық субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) бекіту және түзету

қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бағалардың негізсіз өсуін болдырмау мақсатында "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Занының (бұдан әрі – Зан) 7-2-бабының 1 және 2-1-тarmaқтарына сәйкес әзірленді және реттелетін нарықтардағы бағаны белгілеу тәртібін, сондай-ақ реттелетін нарық субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) бекіту және түзету тәртібін белгілейді.

Қағидалар мынадай іске асыру кезеңдерін көздейді:

- 1) баға жобасының сараптамасы үшін ақпарат пен хабарламаны ұсыну;
- 2) реттелетін нарық субъектілерінің өніміне, тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) баға белгілеу;
- 3) реттелетін нарық субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) бекіту және түзету.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

- 1) баға белгілеу – тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) және өнімге, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағаларды қалыптастыру және қарau процесі;
- 2) босату бағасы – реттелетін нарық субъектісі тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өндіру және (немесе) өткізу үшін қолданатын оның бағасы;
- 3) отын алымы – есептеген кезде өсуін ескеру мүмкін болмаған тасымалдауға арналған тариф қолданылатын кезеңде авиациялық отынға шығындардың өсуін етеу мақсатында авиакомпания алатын алым;
- 4) инвестициялық бағдарлама – бір немесе бірнеше инвестициялық жобаны қамтитын, техникалық-экономикалық тиімділік алу мақсатында қысқа мерзімді, орта мерзімді немесе ұзак мерзімді кезеңге арналған реттелетін нарық субъектісінің жаңа активтерді жасауға, қолда бар активтерді кеңейтуге, қалпына келтіруге, жаңартуға, қолдауға, негізгі құралдарды реконструкциялауға, техникалық қайта жарақтандыруға бағытталған қаражатты салу және қайтару бағдарламасы;
- 5) монополиялық өндірілетін тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) – тиісті тауар нарығында ұstem немесе монополиялық жағдайға ие реттелетін нарық субъектілері өндіретін тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер);
- 6) негізделген баға – реттелетін нарық субъектісі ұсынған осындағы шығындар мен пайданың негізділігін растайтын құжаттарға сәйкес реттелетін нарық субъектісінің негізделген шығындары мен пайдасының негізінде, сондай-ақ уәкілетті органның ведомствосы салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып жүргізген сараптаманың негізінде айқындалған баға;

7) өзіндік құн – уәкілетті органның ведомствоны монополиялық өндірілетін тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) және (немесе) өнімнің, тауардың және көрсетілетін қызметтің бағасында ескеретін шығындар жиынтығы;

8) реттелетін нарықтар – реттелетін нарық субъектілері үшін Занға сәйкес бағаларды мемлекеттік реттеу енгізілген тауар нарықтары;

9) реттелетін нарық субъектісі (бұдан әрі – Субъект) – мыналар:

реттелетін нарықтарда үстем немесе монополиялық жағдайларға ие нарық субъектілерінің Мемлекеттік тізіліміне енгізілген;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген номенклатураға енгізілген өнімді, тауарларды және көрсетілетін қызметтерді өткізетін (табиғи, мемлекеттік монополия субъектілерін және энергия өндіруші ұйымдарды қоспағанда) дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

10) уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

11) уәкілетті органның ведомствоны – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствоны;

12) шекті баға – тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өндіру және (немесе) өткізу үшін қажетті шығындар мен пайданың негізінде реттелетін нарық субъектісі осы Қағидаларға сәйкес белгілеген және бағаға сараптама жүргізу нәтижелері бойынша уәкілетті органның ведомствоны негізді деп таныған тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) бағасы.

2. Баға жобасының сараптамасы үшін ақпарат пен хабарлама ұсыну тәртібі

3. Уәкілетті органның ведомствоны Қағидаларға сәйкес Субъекті жоспарлаған бағаға сараптама жүргізеді.

Субъектілер уәкілетті органның ведомствоына:

1) бағаларды мемлекеттік реттеу енгізілген не өнімнің, тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің номенклатурасына енгізілген құннен бастап құнтізбелік отыз құннен кешіктірмей баға деңгейін растайтын негіздемелік материалдарды қоса бере отырып, босату бағалары туралы ақпаратты жазбаша нысанда;

2) кемінде құнтізбелік отыз құн бүрын осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (бұдан әрі – 1-қосымшаға сәйкес хабарлама) алдағы уақытта тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың шекті бағадан жоғары өсетіні және өсу себебін растайтын негіздеуші материалдарды ұсына отырып, олардың өсу себептері туралы хабарламаны жазбаша нысанда (

реттелетін нарықтарда үстем немесе монополиялық жағдайға ие емес бөлшек сауда нарығының субъектілерін қоспағанда);

3) бағаларға мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша және (немесе) негізсіз баға белгіленгенін көрсететін шағымдардың, ақпараттың, мәліметтердің негізінде, сондай-ақ реттелетін нарық субъектісі Заңының 7-3-бабының 3) және 3-1) тармақшаларында белгіленген міндеттерді орындаған жағдайларда уәкілетті орган ведомствосының талабы бойынша реттелетін нарық субъектісі тиісті талапты алған күнінен бастап бес жұмыс күнінен кем болмайтын уәкілетті орган белгілеген мерзімде бағаға сараптама жүргізу үшін қажетті ақпаратты ұсынады.

4. Қағидалардың 3-тармағында көзделген жағдайларда Субъекті:

1) көтеру себептерін раставтын құжаттарды (шикізат, материалдар, көрсетілетін қызыметтер құнының өсуін раставтын тиісті (жасалған) шарттардың көшірмелерін) қоса бере отырып, бағаны көтеру орындылығын негіздейтін түсіндірме жазбаны;

2) қызыметтің әрбір түрі бойынша бағалардың жобасы немесе босату бағасы;

3) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша бухгалтерлік теңгерімді;

4) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша пайдалар мен залалдар туралы есепті;

5) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10125 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 71 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша еңбек жөніндегі есепті;

6) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10074 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 14 қарашадағы № 50 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша өндірістік-қаржы қызыметі туралы есепті;

7) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша ақшалай қаражаттың және материалдық емес активдердің қозғалысы туралы есепті;

8) тұтастай кәсіпорын және әрбір түрі бойынша жеке шығындар баптары бойынша таратып жаза отырып, бағалардың жобасын (bosatу бағаларын) есептеу үшін қолданылатын кірістер мен шығыстар туралы жиынтықты деректерді;

9) қолданылып отырған еңбекақы төлеу жүйесі туралы деректерді;

10) шикізат пен материалдар шығысының қолданылатын нормалары, қызметкерлер санының нормативтері туралы деректерді;

11) егер бар болған жағдайда есепке алу саясатын;

12) инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) (бар болған жағдайда);

13) негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін ағымдағы және қүрделі жөндеулерге және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығындардың жылдық сметасын;

14) негізгі құралдар құнының өсуіне алып келетін қүрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге бағытталған шығындардың жылдық сметасын;

15) негізгі құралдарды пайдалану мерзімдері көрсетілген амортизациялық аударымдардың есептерін;

16) өткізудің жоспарланған көлемін растайтын құжаттар - ниет хаттамаларын, шарттар, өндіру (жеткізу) көлемдерінің есептерін, жобалық қуат және оны іс жүзінде пайдалану туралы деректерді, сондай-ақ өндіру (жеткізу) көлемдері төмендеген кезде Субъектілер негіздемені ұсынады;

17) таратылып жазылған дебиторлық және кредиторлық берешекті ұсынады.

5. Отын алымының енгізілуіне байланысты бағалардың алдағы уақытта көтерілетіні туралы хабарламаға:

1) авиатасымал қызметтерін көрсету бойынша бағалардың жобасы;

2) авиациялық отын құнының өсуін растайтын шарттардың көшірмелері;

3) әрбір авиациялық маршрутқа және әуе кемесінің типіне отын қажеттілігінің есебі қоса беріледі. Бұл ретте осы тармақтың үшінші бөлігінің талабы мұндай жағдайға қолданылмайды.

6. Қоса берілетін құжаттар тігіледі, нөмірленеді және Субъекті мөрімен және басшысының не оны алмастыратын адамның қолымен расталады. Қаржы құжаттарына субъектінің басшысы және бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қолдарын қояды және болған жағдайда субъектінің мөрімен расталады.

Бұл ретте, негіздеуші материалдар ретінде өтінім беру алдындағы төрт тоқсан ішіндегі және өткен күнтізбелік жыл ішіндегі шығындар туралы нақты деректер ұсынылады.

3. Реттелетін нарық субъектілерінің өніміне, тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) баға белгілеу тәртібі

7. Өнімге, тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларды қалыптастыру өнімнің, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) әрбір түрі бойынша шығындарды бөлек есепке алу негізінде жүзеге асырылады.

Субъектіде өнімнің, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) түрлері бойынша шығындарды бөлек есепке алуы болмаған жағдайда,

Субъектінің шығындары Субъектінің жалпы шығындарындағы кірістердің үлес салмағы (көлемі, өндірістік персоналға еңбекақы төлеуге арналған шығындар) бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізетін Субъектінің белгілі бір қызмет түріне жататын шығындарды айқындауды көздейтін жанама әдістердің негізінде өткізілетін өнімнің, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) түрлері бойынша бөлінеді.

8. Субъектінің өніміне (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) Субъект жоспарлап отырған бағаны қалыптастыру кезінде өзіндік құнда өнімді, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіруге (көрсетуге) тікелей жататын шығыстар, сондай-ақ негіздеуші материалдармен (шарттар, шот-фактуралар, қаржы құжаттары) расталған шығыстар ескеріледі, оның ішінде :

1) растайтын құжаттарда (шарттарда, шот-фактураларда) көзделген бағаларға және өнімнің, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бір бірлігін шығаруға арналған шикізат, материалдар, отын, материалдық ресурстар энергиясы шығысының қолданылатын нормаларына және (немесе) материалдық ресурстардың жылдық нормаларына сүйене отырып, материалдық ресурстардың нақты көлеміне негізделіп айқындалатын материалдық шығыстар;

2) еңбек заңнамасына сәйкес еңбекақы төлеу жүйесінде көзделген еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар мен үстемеақылар төлеуді қоса алғанда, персоналға еңбекақы төлеуге арналған шығыстар бағаларды қалыптастыру кезінде ескеріледі, бұл ретте, еңбекақы төлеу шығыстарын айқындау кезінде нормативтік саннын аспайтын (болған кезде) персоналдың (әкімшілік-басқару және өндірістік) нақты саны және инфляция деңгейінің болжамды өзгерісі ескеріліп, қолданыстағы бағаларда қабылданған орташа айлық жалақы есепке алынады;

3) амортизациялық аударымдар, олар Субъектінің есепке алу саясатында көзделген әдіс пайдаланылып айқындалады және негізгі құралдардың құнын арттыруға алып келетін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге және инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға бағытталады;

4) негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін ағымдағы және күрделі жөндеуге және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына, оның ішінде Субъектіде сенімгерлікпен басқарудағы объектілер бойынша (егер сенімгерлікпен басқару шарты негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін осындай жөндеу жүргізу туралы талапты қамтыған жағдайда) Субъекті жұмсайтын қаражаттар осындай жұмыстың қажеттілігін растайтын құжаттардың (осындай жұмыстарды жүргізу қажеттілігін құжаттамалық техникалық растау,

жиынтық сметалық есептемелер, объектілік, жергілікті және ресурстық сметалар (әрбір объект бойынша жеке) және т.б.) негізінде тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне енгізіледі;

5) монополиялық өндірілетін тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) тікелей жататын өзге өндірістік шығыстар тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне салалық ерекшеліктер ескеріліп, растайтын құжаттардың негізінде енгізіледі;

6) бекітілген инвестициялық бағдарлама (жоба) болған кезде, бағаларында инвестициялық бағдарламаны іске асыруға қарыз қаражаттары үшін сыйақы төлемі ескерілетін шығыстар;

7) егер реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу оларды көрсету фактісі бойынша жүргізілген жағдайда реттеліп көрсетілетін қызметті көрсетуге қажетті айналым қаражатын толтыруға тартылған қарыз қаражаты үшін сыйақы төлеміне арналған шығыстар;

8) сатып алынатын аудиторлық, консалтингтік, маркетингтік көрсетілетін қызметтердің шығыстары;

9) қоршаған ортаға эмиссия үшін ақы төлеу шығыстары;

10) кезең шығыстарында ескерілетін міндетті сақтандыру түрлері, салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер шығыстары ескеріледі.

9. Субъекті жоспарлап отырған бағаға енгізілетін пайда деңгейі инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыруға және амортизациялық аударымдарға қажетті қаражат ескеріліп шектеледі.

Субъектілер инвестицияларды өз және (немесе) қарыз қаражаттары есебінен жүзеге асырады. Өз қаражаттарының көздері пайда (таза кіріс) және амортизациялық аударымдар болып табылады.

Қарыз қаражаттарын қайтару пайда (таза кіріс) және (немесе) амортизациялық аударымдар есебінен жүзеге асырылады.

Субъектіде Қағидаларға сәйкес бекітілген инвестициялық бағдарлама (жоба) болмаған жағдайда, реттеліп көрсетілетін қызметтің жоспарланған бағасына енгізілетін Субъекті пайдасының деңгейі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткішінен (инфляция) аспайтын реттеліп көрсетілетін қызметтен алынған пайданың нақты деңгейіне сүйене отырып айқындалады.

10. Субъекті жоспарлаған бағаны қалыптастыру кезінде өзіндік қунда өнімді, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіруге тікелей жатпайтын, сондай-ақ негіздеуші материалдармен (шарттар, шот-фактуралар, қаржы құжаттары) расталмаған шығыстар ескерілмейді, оның ішінде:

1) өнімді, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіру (көрсету) кезінде пайдаланылмайтын негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары;

2) ластаушы заттардың нормативтен тыс шығарындылары (тастандылары) үшін төлемдер;

3) үмітсіз борыштар;

4) шаруашылық шарттардың талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар, өсім, тұрақсыздық айыбы және санкциялардың басқа да түрлері, сот шығындары;

5) кірісті жасырғаны (кеміткені) үшін айыппұлдар мен өсімпұлдар;

6) ұрлықтан келген залалдар;

7) қызмет көрсетуші шаруашылықтар мен участекелер өндірісінде қолданысқа енгізілмеген активтерді ұстау;

8) кәсіптік-техникалық училищелерді қоспағанда, денсаулық сақтау объектілерін, мектепке дейінгі балалар ұйымдарын, оқу орындарын ұстау;

9) сауықтыру лагерьлерін, мәдениет және спорт объектілерін, тұрғын үй қорын ұстау;

10) ұйым қызметкерлерінің тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, бау-бақша үйлерін сатып алуға және үй шаруашылығымен айналысуға алған несиelerін, пайызсызды қоса алғанда өтеу;

11) мәдени-ағарту, сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу ұстау;

12) бау-бақша серіктестіктерін абаттандыру (жолдар салу, энергиямен және сумен жабдықтау, жалпы сипаттағы басқа да шығыстарды жүзеге асыру);

13) демеушілік көмек көрсету;

14) ақаудан болған ысыраптар;

15) өндірісті вахталық ұйымдастыруды қоспағанда, тауар нарығы субъектілерінің персоналы үшін пәтерлерді, тұрғын ғимараттарды және құрылыштарды, жатақханалар мен қонақ үйлердегі орындарды сатып алу, жалдау және ұстау;

16) мерейтойлар күніне немесе қызметкерлерге ынталандыру түрінде берілетін сыйлықтарды сатып алу шығыстары;

17) нормативтен тыс техникалық және коммерциялық ысыраптар, тауар-материалдық құндылықтардың, қоймадағы қорлардың бұзылуы және жетіспеушілігі, басқа өндірілмейтін шығыстар;

18) жұмыс қорытындылары бойынша сыйлық беруге және сыйақылардың басқа да нысандарының шығыстары;

19) өндірістік қажеттілікке байланысты іс-шараларды қоспағанда, оқытатын курстарды, семинарларды, тренингтерді, лекцияларды, көрмелерді, пікірталастарды, ғылым мен өнер қайраткерлерімен кездесулерді, ғылыми-техникалық конференцияларды өткізу және ұйымдастыру шығыстары;

20) қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтарға арналған мүшелік жарналар шығыстары;

21) білім беру ұйымында оқитын қызметкерлердің демалыстарына ақы төлеу шығыстары;

22) кәсіптік ауруларды оңалтып емдеуге байланысты шығындардан басқа, Субъектінің қаражаты есебінен қызметкерлердің және олардың балаларының емделуіне, демалуына, экскурсияларына арналған жолдамаларға ақы төлеу шығыстары;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндettі сақтандыру төлемдерін қоспағанда, сақтандыру төлемдері (Субъекті өз қызметкерлерінің пайдасына жасаған жеке және мүлікті сақтандыру шарттары бойынша Субъекті төлеп отыратын жарналар);

24) қызметкерлерге қосымша берілген демалыстарға (заңнамада көзделгеннен тыс), оның ішінде бала тәрбиелеп отырған әйелдерге ақы төлеуге, қызметкердің отбасы мүшелеріне демалысты пайдаланатын жерге бару және қайту жолына ақы төлеу шығыстары;

25) еңбек заңнамасында көзделгеннен басқа, Субъектінің қызметкерлеріне женілдіктер;

26) мектепке дейінгі мекемелердегі, санаторийлердегі және сауықтыру лагерлеріндегі балалардың тамақтану құнын өтеу шығыстары;

27) ұжымдық шартта айқындалған мақсаттарға кәсіптік одақтарға аударымдар;

28) банктер және тұтынушылардан коммуналдық төлемдерді қабылдау жөніндегі банк операцияларының жекелген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар көрсететін қызметтердің шығыстары;

29) консалтингтік компаниялар көрсететін қызметтердің шығыстары ескерілмейді.

11. Субъектінің шекті бағаны көтеру туралы хабарламасын қараудан бастарту себептері:

1) Субъектінің хабарламаны ұсыну мерзімін бұзуы;

2) Субъектінің Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген құжаттардың ұсынбауы;

3) ұсынылған құжаттардың Қағидалардың 8-тармағына сәйкес келмеуі болып табылады.

12. Уәкілетті орган ведомствосының талабы Субъекті Заңның 7-3-бабының 1) тармақшасына сәйкес уәкілетті органның ведомствосына қосымша ақпаратты жазбаша нысанда ұсынады.

Мұндай жағдайда қарау мерзімі нарық субъектісі тиісті ақпаратты ұсынғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Бұл ретте, шекті бағаны енгізу күні нарық субъектісінің тиісті ақпаратты ұсыну күніне ауыстырылады.

13. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға (бұдан әрі – 1-қосымшаға сәйкес хабарлама) сәйкес бағаның алдағы уақытта көтерілуі туралы хабарламаны немесе босату бағалары ақпаратты, немесе реттелетін нарықтардағы бағаны белгілеу тәртібінің сақталуын бақылау шенберінде ұсынылған ақпаратты алған күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосы Субъектіге:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға (бұдан әрі – 2-қосымшаға сәйкес дәлелді қорытынды) сәйкес нысан бойынша бағаны көтеруге тыйым салу туралы дәлелді қорытынды;

2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрмен жабдықтау қызметтерін көрсетуге арналған шығыстар сметасын/ жабдықтау үстемеақысын, 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге шекті бағаны/ жабдықтау үстемеақысын және 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлық газды өткізудің шекті бағасын (филиалдар бөлінісінде) қоса бере отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға

(бұдан әрі – 3-қосымшаға сәйкес дәлелді қорытынды) сәйкес қолданыстағы немесе жобаланған бағаны негізделген баға деңгейіне дейін төмендету туралы дәлелді қорытынды жібереді.

Баға сараптамасының нәтижелері бойынша, отын алымының енгізілуіне байланысты бағалардың алдағы көтерілуі туралы 1-қосымшаға сәйкес хабарламаны алған күнінен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосы Субъектіге:

1) бағаны көтеруге тыйым салу туралы 2-қосымшаға сәйкес дәлелді қорытынды;

2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрмен жабдықтау қызметтерін көрсетуге арналған шығыстар сметасын/ жабдықтау үстемеақысын, 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге шекті бағаны/ жабдықтау үстемеақысын және 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлық газды өткізудің шекті бағасын (филиалдар бөлінісінде) қоса бере отырып, қолданыстағы немесе жобаланған бағаны негізделген баға деңгейіне дейін төмендету туралы 3-қосымшаға сәйкес дәлелді қорытынды жібереді.

Дәлелді қорытынды шығару үшін негіздер болмаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы бұл туралы Субъектіні осы тармақта белгіленген мерзімде хабардар етеді.

Дәлелді қорытынды Субъектіге пошта арқылы хабарламамен жіберіледі не оның өкіліне қолын қойғызып қолма қол беріледі.

14. Субъекті алған дәлелді қорытындының негізінде уәкілетті органның ведомствосына жіберілген хабарламада көрсетілген құннен не Субъекті босату бағалары туралы ақпаратты не Қағидалардың сақталуын бақылау шенберінде берілген ақпаратты ұсынған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы белгілеген құннен бастап тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) тиісті бағаны белгілейді.

15. Субъекті Заңның 7-2-бабының 4-тармағына сәйкес шекті бағаны көтермestен, уәкілетті органның ведомствосына бағаның төмендеу немесе көтерілу себептерін көрсететін ақпаратты баға төмендеген немесе көтерілген құннен бастап бес жұмыс құннен кешіктірмей ұсынып, өндірілетін (өткізілетін) тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларды дербес төмендетуге және көтеруге құқылы.

16. Реттелетін нарықтардағы бағаны белгілеу тәртібінің сақталуын бақылау мақсатында, сондай-ақ Заңның 7-3-бабының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда уәкілетті органның ведомствосы Субъектілерінің бағаларына мониторингті жүзеге асырады.

Бағаларға мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша және (немесе) негізсіз баға белгіленгенін көрсететін шағымдардың, ақпараттың, мәліметтердің негізінде , сондай-ақ реттелетін нарық субъектісі осы Заңның 7-3-бабының 3) және 3-1) тармақшаларында белгіленген міндеттерді орындаған жағдайларда, уәкілетті органның ведомствосы Қағидаларға сәйкес баға сараптама жүргізеді және қолданыстағы бағаны төмендету туралы тиісті шешім шығарады.

17. Тауарлық газға баңға белгілеуге қатысты Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9354 тіркелген, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2014 жылғы 1 сөүірдегі № 66-НҚ бұйрығымен бекітілген Тауарлық газға реттелетін нарық субъектілерінің шекті бағаларын есептеу әдістемесіне сәйкес тұтынушылардың топтары бойынша әртүрлі бағалар деңгейлерін белгілеуге жол беріледі.

18. Бағалардың негізділігін қарau кезінде уәкілетті органның ведомствосы:

жоспарланып отырған баға жобаларын сол тауар нарығында басқа субъектілер белгілеген немесе салыстырмалы тауар нарықтарындағы, оның ішінде қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі тауар нарықтарындағы ұқсас тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларымен;

Субъекті қолданатын өнімнің, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бірлігін шығаруға арналған шикізат, материалдар, отын, материалдық ресурстар энергиясы шығысының нормаларын және (немесе) материалдық ресурстардың жылдық нормаларын мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен

тиісті салалық нормалармен немесе салыстырмалы реттелетін нарықтарда қызметтер көрсететін субъектілер қолданатын нормалармен салыстыру жолымен ;

Субъекті персоналына еңбекақы төлеу шығыстарын салыстырмалы реттелетін нарықтарда қызметтер көрсететін нарық субъектілерінің еңбекақы төлеу шығындарымен;

Субъекті бағаларының ұлғаюына әсер ететін басқа да шығыстарын салыстырмалы талдау жолымен сараптама жүргізеді.

Отын алымының енгізілуіне байланысты бағаның негізділігін қарау кезінде уәкілетті органның ведомствосы Субъекті ұсынған авиациялық отын құнының есуін растайтын, Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттарға талдау жасау негізінде бағаларға сараптама жүргізеді.

19. Уәкілетті орган ведомствосының талабы Субъекті Заңның 7-3-бабының 1) тармақшасына сәйкес уәкілетті органның ведомствосына қосымша ақпаратты жазбаша нысанда ұсынады.

20. Баға сараптамасының қорытындысы бойынша сәйкес бағаларды алдағы уақытта көтеру туралы 1-қосымшага хабарламаны немесе босату бағалары туралы ақпаратты, немесе реттелетін нарықтардағы бағаны белгілеу тәртібінің сақталуын бақылау шенберінде ұсынылған ақпаратты алған күннен бастап құнтізбелік отыз күннен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосы Субъектіге:

1) бағаны көтеруге тыйым салу туралы 2-қосымшага сәйкес дәлелді қорытынды;

2) осы Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес нысан бойынша электрмен жабдықтау қызметтерін көрсетуге арналған шығыстар сметасын/жабдықтау үстемеақысын, 5-қосымшага сәйкес нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге шекті бағаны/ жабдықтау үстемеақысын және 6-қосымшага сәйкес нысан бойынша тауарлық газды өткізуудің шекті бағасын (филиалдар бөлінісінде) қоса бере отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшага (бұдан әрі – 3-қосымшага сәйкес дәлелді қорытынды) сәйкес қолданыстағы немесе жобаланған бағаны негізделген баға деңгейіне дейін төмендету туралы дәлелді қорытынды жібереді.

Баға сараптамасының нәтижелері бойынша, отын алымының енгізілуіне байланысты осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес бағалардың алдағы көтерілуі туралы хабарламаны алған күннен бастап құнтізбелік он күннен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосы Субъектіге:

1) бағаны көтеруге тыйым салу туралы 2-қосымшага сәйкес дәлелді қорытынды;

2) осы Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес нысан бойынша электрмен жабдықтау қызметтерін көрсетуге арналған шығыстар сметасын/ жабдықтау

Ұстемеақысын, 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге шекті бағаны/ жабдықтау ұстемеақысын және 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлық газды өткізудің шекті бағасын (филиалдар бөлінісінде) қоса бере отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға (бұдан әрі – 3-қосымшаға сәйкес дәлелді қорытынды) сәйкес қолданыстағы немесе жобаланған бағаны негізделген баға деңгейіне дейін төмендету туралы дәлелді қорытынды жібереді.

Дәлелді қорытынды шығару үшін негіздер болмаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы бұл туралы Субъектіні осы тармақта белгіленген мерзімде хабардар етеді.

Дәлелді қорытынды Субъектіге пошта арқылы хабарламамен жіберіледі не оның өкіліне қолын қойғызып қолма қол беріледі.

21. Дәлелді қорытынды шығару үшін негіздер болмаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы бұл туралы реттелетін нарық субъектісін Қағиданың 20-тармағында көзделген мерзімде хабардар етеді.

Дәлелді қорытынды Субъектіге пошта арқылы хабарламамен жіберіледі не оның өкіліне қолын қойғызып қолма қол беріледі.

Реттелетін нарық субъектісі алған дәлелді қорытындының негізінде уәкілетті органның ведомствосына жіберілген хабарламада көрсетілген күннен не реттелетін нарық субъектісі Заңың 7-3-бабының 1) тармақшасына сәйкес ақпаратты не реттелетін нарықтарда баға белгілеу тәртібінің сақталуын бақылау шеңберінде берілген ақпаратты ұсынған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы белгілеген күннен бастап тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) тиісті бағаны белгілейді.

22. Субъекті шекті бағаны көтермesten, уәкілетті органның ведомствосына бағаның төмендеу немесе көтерілу себептерін көрсететін ақпаратты Заңың 7-2-бабы 4-тармағына сәйкес баға төмендеген немесе көтерілген күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бере отырып, өндірілетін (өткізілетін) тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларды дербес төмендетуге және көтеруге құқылы.

23. Электр энергетикасы саласындағы реттелетін нарық субъектісінің келісілген шекті бағасында ескерілген электр энергиясын сатып алу және (немесе) тасымалдау шығыстары орындалмаған жағдайда, уәкілеттің органның ведомствосы келісілген шекті бағаға енгізілген шығыстардың және электр энергиясын сатып алу және (немесе) тасымалдау бойынша іс жүзіндегі шығыстардың арасында айырманың пайда болу нәтижесінде алынған кірістің сомасына келісілген шекті бағаны төмендету туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті органның ведомствосы электр энергетикасы саласындағы реттелетін нарық субъектісінің бағаны алдағы уақытта көтеру туралы хабарламасын қарау барысында жобаланған бағаны келісілген шекті бағаға

енгізілген шығыстардың және электр энергиясын сатып алу және (немесе) тасымалдау бойынша іс жүзіндегі шығыстардың арасында айырманың пайда болу нәтижесінде алынған кірістің сомасына төмендетеді.

Егер электр энергетикасы саласындағы реттелетін нарық субъектісінде келісілген шекті бағаға енгізілген шығыстардың және электр энергиясын сатып алу және (немесе) тасымалдау бойынша іс жүзіндегі шығыстардың арасында айырманың пайда болу нәтижесінде залал пайда болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствоны электр энергетикасы саласындағы реттелетін нарық субъектісінің бағаны алдағы уақытта көтеру туралы хабарламасын қарау барысында осындай залалды туындаған айырмаға шекті бағаны ұлғайту арқылы етейді.

4. Реттелетін нарық субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) бекіту және түзету тәртібі

24. Субъектінің инвестиациялық бағдарламасы (жобасы) Қазақстан Республикасы дамуының басымдықтарын және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін ескере отырып, тиісті кезеңге жүйелерді қалпына келтірудің, реконструкциялаудың, жаңғыртудың салалық және жергілікті бағдарламаларының бекітілген көрсеткіштері мен индикаторларына қол жеткізу үшін әзірленеді.

25. Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) уәкілетті органның ведомствоны бекіткен кезде ол реттелетін нарық субъектісі тауарының (жұмысының, көрсетілетін қызметінің) шекті бағасында ескеріледі.

26. Инвестиция шығыстарын шекті бағаға енгізу үшін Субъекті инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) бекітуге уәкілетті органның ведомствоына мынадай материалдарды:

1) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Субъектінің жоспарланған инвестиациялық бағдарламасын (жобасын);

2) баға деңгейлерінің салыстырмалы талдауын қоса бере отырып, сатып алынатын негізгі құралдарды, құрылыш-монтаж жұмыстарының құнын көрсетіп, инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) іске асыруға арналған инвестиациялық шығындар туралы ақпаратты;

3) болжамды мөлшерді және алдын ала қаржыландырудың шарттарын растайтын құжаттарды, оның ішінде қарыз ресурстарын (қарыз қаражаттары бойынша сыйақы, қаржыландыру кезеңі, комиссиялық төлемдер, қарыз қаражаттарын қайтару мерзімдері мен шарттары);

4) егер инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру үшін республикалық, жергілікті бюджеттерден қаражат бөлінетін немесе Қазақстан

Республикасы Үкіметінің кепілдігімен кредиттер (инвестициялар) тартылатын жағдайда, оны қаржыландырудың мөлшері мен шарттарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, еркін нысандада өтінім береді.

Субъекті жоспарлаған инвестициялық бағдарламаға (жобаға) қоса берілетін құжаттар тігіледі, нөмірленеді және субъектінің мөрімен және басшысының не оны алмастыратын адамның немесе құзыretіне бухгалтерлік есеп мәселелері кіретін басшысы орынбасарының қолымен расталады. Қаржы құжаттарына субъектінің басшысы және бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды және субъектінің мөрімен расталады.

Субъектінің жоспарланған инвестициялық бағдарламасы (жобасы) босату бағалары туралы хабарламамен немесе ақпаратпен бір мезгілде беріледі.

27. Уәкілетті органның ведомствоны:

- 1) Субъектінің жоспарланған инвестициялық бағдарламасын (жобасын);
- 2) бекітілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны);
- 3) орындау туралы ақпаратты талдауды түзетеді.

28. Субъекті уәкілетті органның ведомствоына ағымдағы жылдың

1 қазанынан кешіктірмей инвестициялық бағдарламаны (жобаны) түзету туралы ұсыныспен жүгінуге құқылы.

29. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) түзету туралы ұсынысқа:

1) инвестициялық бағдарламаға (жобаға) түзетулер енгізуді негіздейтін материалдарды (бизнес-жоспар, прais-параптар, шарттардың көшірмелері, белгіленген тәртіппен сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттама) қоса беріле отырып, түзетулер ескерілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) жобасы;

2) субъектінің негіздейтін материалдар қоса берілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) түзетулер енгізу қажеттілігі туралы бағалауы;

3) қаржыландырудың және қарыз қаражатын қайтарудың ықтимал шарттары;

4) егер инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру үшін республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттен қаражат бөлінетін немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен кредиттер (инвестициялар) тартылатын болса, онда қаржыландырудың мөлшері мен шарттарын растайтын құжаттар қоса беріледі.

Қоса берілетін құжаттар тігіледі, нөмірленеді және субъектінің мөрімен және басшысының не оны алмастыратын адамның қолымен расталады. Қаржы құжаттарына субъектінің басшысы және бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды және субъектінің мөрімен расталады.

30. Уәкілетті органның ведомствоны инвестициялық бағдарламаны (жобаны) оны ұсынған сэттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

Инвестициялық бағдарламаның бекітілген сомасы төмендеген жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы субъектінің шекті бағасын төмендетеді.

31. Түзетуді ескере отырып, инвестициялық бағдарламаны (жобаны) бекітуден бас тартылған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы Субъектіге инвестициялық бағдарламаны (жобаны) бекітуден бас тарту туралы дәлелді қорытынды жолдайды.

Субъектінің инвестиациялық бағдарламасын (жобасын) түзетуді ескере отырып бекітуден бас тарту үшін негіз Қағидалардың 26-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбау және (немесе) толық көлемде ұсынбау болып табылады.

32. Осы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұсынатын реттелетін нарық субъектілерін қоспағанда, реттелетін нарық субъектісі уәкілетті органға шекті бағада ескерілген инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) орындау не орындамау туралы жартышылдық ақпаратты уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша осы Қағидаларға

4-қосымшаға сәйкес есепті жартышылдықтан кейінгі айдың жиырма бесінші күнінен кешіктірмей ұсынуға және оны бұқаралық ақпарат құралдарында кейін орналастыруға міндетті.

33. Уәкілетті органның ведомствосы реттелетін нарық субъектісінің осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынған шекті бағада ескерілген инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы жартышылдық ақпаратын қарайды және оны орындамаған жағдайда жыл қорытындысы бойынша реттелетін нарық субъектісіне шекті бағада ескерілген инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) іске асыруға алынған және пайдаланылмаған кірісті қайтару туралы нұсқама енгізеді. Реттелетін нарық субъектісіне енгізілген осы тармақта көрсетілген нұсқама туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Электр энергетикасы саласындағы реттелетін нарпық субъектісінің бағаларына Заңның 7-3-бабының 2) тармақшасына сәйкес сараптама жүргізу кезінде уәкілетті органның ведомствосы Заңның 17-бабының 2-тармағында және 14-1-бабының 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген тәртіппен жария тындаулар өткізеді.

Реттелетін нарықтардағы бағаны
белгілеу, реттелетін нарық
субъектісінің инвестиациялық
бағдарламасын (жобасын) бекіту
және түзету қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Бағаны алдағы уақытта көтеру туралы хабарлама

1. Реттелетін нарық субъектісінің атауы _____
 2. Реттеліп көрсетілетін қызмет түрі _____
 3. Жоспарланған іс-әрекеттер _____
(бағаны алдағы уақытта көтеру туралы ақпарат)
 4. Реттелетін нарық субъектісі бағаны көтеруді жоспарлаған күн _____
 5. Қоса беріліп отырған құжаттар (материалдар) _____
- Басшы А.Ә.Т. (болған жағдайда)
- Мөр орны

Реттелетін нарықтардағы бағаны
белгілеу, реттелетін нарық
субъектісінің инвестициялық
бағдарламасын (жобасын) бекіту
және түзету қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Бағаны көтеруге тыйым салу туралы дәлелді қорытынды

Уәкілді орган _____ (реттелетін
нарық субъектісінің атауы) _____
көрсетілетін қызметтерге (көрсетілетін қызметтердің түрлері)
бағадарды алдағы уақытта көтеру туралы хабарламасын қарап, "Табиғи
монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы
Заңының 7-2-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 174 бұйрығымен
бекітілген Реттелетін нарықтардағы бағаны белгілеу ережесінің (бұдан
әрі – Қағидалар) 12-тармағының 1) тармақшасына сәйкес

(субъектінің атауы, көрсетілетін қызметтер) бағаны көтеруге тыйым
салатыны туралы хабарлайды.

Негіздеме _____

Басшы А.Ә.Т. (болған жағдайда)

Мөр орны

Реттелетін нарықтардағы бағаны
белгілеу, реттелетін нарық
субъектісінің инвестиациялық

бағдарламасын (жобасын) бекіту
және түзету қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Қолданыстағы немесе жобаланған бағаны негізделген бағаның деңгейіне дейін төмендету жөніндегі дәлелді қорытынды

Уәкілетті орган _____ (реттелетін
нарық субъектісінің атауы) _____
көрсетіletтіn қызметтерге (көрсетіletтіn қызметтердің түрлері)
бағаларды алдағы уақытта көтеру туралы хабарламасын қарап, "Табиғи
монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы
Заңының 7-2-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 174 бұйрығымен
бекітілген Реттелетін нарықтардағы бағаны белгілеу ережесіне (бұдан
әрі - Ереже) сәйкес _____ реттеліп көрсетіletтіn қызметтерге
(көрсетіletтіn қызметтер, субъектінің атауы, қолдану күні)
қолданыстағы немесе жобаланған бағаны баға белгілеу тәртібіне сәйкес
негізделген баға деңгейіне дейін қосымшаға сай төмендету қажеттілігі
туралы хабарлайды.

Негіздеме _____
(қолданыстағы немесе жобаланған бағаны төмендету себебі)

Басшы А.Ә.Т. (болған жағдайда)

Мөр орны

Реттелетін нарықтардағы бағаны
белгілеу, реттелетін нарық
субъектісінің инвестициялық
бағдарламасын (жобасын) бекіту
және түзету қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Электрмен жабдықтау қызметтерін көрсетуге шығыстар сметасы/ жабдықтау үстемеақысы

p / c №	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Келісілді
I	Қызметтер үсінуға шығындар, барлығы оның ішінде	мың теңге	
1	Материалдық шығындар, барлығы оның ішінде	мың теңге	
1.1	Өзге материалдар	мың теңге	

1.2	ЖЖМ	мың тенге
2	Еңбекақы төлеу шығындары, барлығы	мың тенге
	оның ішінде	мың тенге
2.1	Жалақы	мың тенге
2.2	Әлеуметтік салық	мың тенге
3	Амортизация	мың тенге
4	Өзге шығындар, барлығы	мың тенге
	оның ішінде	
4.1	қосалқы бөлшектер	мың тенге
4.2	автокөлікті ұстай шығыстары	мың тенге
4.3	қызметкерлерді сактандыру	мың тенге
4.4	автокөлікті сактандыру	мың тенге
4.5	кеңсе тауарларына шығыстар	мың тенге
4.6	баспахана көрсететін қызметтерге шығыстар	мың тенге
4.7	жылжымайтын мүлікті жалдау шығыстары	мың тенге
4.8	коммуналдық көрсетілетін қызметтер	мың тенге
4.9	объектіні күзету шығыстары	мың тенге
4.10	өрт сөндіру құралдарына шығыстар	мың тенге
4.11	жол жүру билеттері	мың тенге
4.12	медициналық тексеру	мың тенге
4.13	негізгі құралдарды жөндеу	мың тенге
4.14	кадрларды оқыту	мың тенге
II	Кезең шығыстары	мың тенге
5	жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы	мың тенге
	оның ішінде	
5.1	еңбекақы төлеу шығындары, барлығы	мың тенге
5.2	ӘБП жалақысы	мың тенге
5.3	әлеуметтік салық	мың тенге
5.4	амортизация	мың тенге
5.5	салық төлемдері мен алымдар	мың тенге
5.6	іссапар шығыстары	мың тенге
5.7	байланыстың көрсетілетін қызметтері	мың тенге
5.8	аудиторлық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу	мың тенге
5.9	банктің көрсетілетін қызметтері	мың тенге
5.10	басқа да шығыстар, барлығы	мың тенге
	оның ішінде	
5.10.1	ЖЖМ	мың тенге
5.10.2	қосалқы бөлшектер	мың тенге
5.10.3	автокөлікті ұстай шығыстары	мың тенге
5.10.4	автокөлікті сактандыру	мың тенге
5.10.5	нотариалдық көрсетілетін қызметтердің шығыстары	мың тенге
5.10.6	қызметкерлерді сактандыру шығыстары	мың тенге

5.10.7	баспахана көрсететін қызметтерге шығыстар	мың тенге
5.10.8	мерзімді басылым шығыстары	мың тенге
5.10.9	кенсе тауарларына шығыстар	мың тенге
5.10.10	1С қызмет көрсете шығыстары	мың тенге
5.10.11	оргтехникаға қызмет көрсетеү шығыстары	мың тенге
5.10.12	пошта көрсететін қызметтерге шығыстар	мың тенге
5.10.13	өзге материалдарға шығыстар	мың тенге
5.10.14	хабарландыруларға шығыстар	мың тенге
5.10.15	автокөлікті жалдау және оған қызмет көрсетеу	мың тенге
5.10.16	акпараттық көрсетілетін қызметтер	мың тенге
5.10.17	кузет көрсететін қызметтер	мың тенге
5.10.18	зангерлік көрсетілетін қызметтер	мың тенге
5.10.19	негізгі құралдарды жөндеу	мың тенге
5.10.20	консультациялық көрсетілетін қызметтер бойынша шығыстар	мың тенге
5.10.21	бағдарламалық қамсыздандыруды қолдау бойынша шығыстар	мың тенге
5.10.22	жабдықты техникалық сүйемелдеу бойынша шығыстар	мың тенге
5.10.23	компьютерлерді/жабдықты жалдау	мың тенге
5.10.24	бейнебакылау көрсететін қызметтер	мың тенге
5.10.25	"кол-орталық" жабдығын сүйемелдеу	мың тенге
5.10.26	"электрондық кезекке" қызмет көрсете бойынша шығыстар	мың тенге
III	Жабдықтау үстемеақы бойынша барлық шығын	мың тенге
IV	Пайда	мың тенге
V	Барлық кіріс	мың тенге
VI	Өткізу көлемі	мың кВтсағ.
VII	ҚКС есепке алынбай өткізу құрамдас	тенге/кВтсағ.

Реттелетін нарықтардағы бағаны
белгілеу, реттелетін нарық
субъектісінің инвестициялық
бағдарламасын (жобасын) бекіту
және түзету қағидаларына
5-қосымша

Нысан

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге шекті баға/жабдықтау үстемеақысы

p/c №	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Келісілді
I	Тауарларды өндіру және көрсетілетін қызметтерді ұсыну шығындары, барлығы	мың тенге	
	оның ішінде	мың тенге	
1	Материалдық шығындар, барлығы	мың тенге	
	оның ішінде	мың тенге	
1.1	материалдар	мың тенге	
1.2	отын	мың тенге	

1.3	электр энергиясы	мың тенге	
2	Еңбекақы төлеу шығындары, барлығы оның ішінде	мың тенге	
2.1	Жалақы	мың тенге	
2.2	Әлеуметтік салық	мың тенге	
3	Амортизация	мың тенге	
4	Жөндеу	мың тенге	
5	Бөгде үйымдар көрсететін қызметтер	мың тенге	
6	Өзге шығындар (таратып жазу)	мың тенге	
II	Кезең шығыстары	мың тенге	
7	Жалы және әкімшілік шығыстар, барлығы оның ішінде	мың тенге	
7.1	Еңбекақы төлеу шығындары, барлығы	мың тенге	
7.2	Жалақы	мың тенге	
7.3	Әлеуметтік салық	мың тенге	
7.4	Амортизация	мың тенге	
7.5	Салықтар	мың тенге	
7.6	Іссапар шығыстары	мың тенге	
7.7	Байланыс көрсететін қызметтер	мың тенге	
7.8	Банк көрсететін қызметтер	мың тенге	
7.9	Басқа да шығыстар (таратып жазу)	мың тенге	
8.	Сыйақы төлеуге шығыстар	мың тенге	
III	Барлық шығын	мың тенге	
IV	Пайда	мың тенге	
V	Барлық кіріс	мың тенге	
VI	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	заттай көріністе	
VII	Баға (жабдықтау үстемеақысы)	тенге	

Анықтамалық:

Персоналдың тізім бойынша орташа саны,	адам	
оның ішінде:		
өндірістік	- " -	
әкімшілік	- " -	
Орташа айлық жалақы, барлығы, оның ішінде	тенге	
өндірістік персоналдың	- " -	
әкімшілік персоналдың	- " -	

* шығындар көрсетілетін қызметке байланысты қажет болған жағдайда кеңейтілуі мүмкін

Реттелетін нарықтардағы бағаны
белгілеу, реттелетін нарық
субъектісінің инвестициялық

бағдарламасын (жобасын) бекіту және түзету қағидаларына 6-көсімша

Нысан

Тауарлық газды өткізудің шекті бағасы (филиалдар бөлінісінде)

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Денгей
1	Тауарлық газдың көтерме сауда бағасы (немесе сатып алу бағасы)	тенге/1000м ³	
2	Тауарлық газды тасымалдауға тариф		
3	Газды өткізу бойынша жабдықтау үстемеақысы		
4	Тауарлық газдың шекті бағасы Жиыны		

Реттелетін нарықтардағы бағаны
белгілеу, реттелетін нарық
субъектісінің инвестициялық
бағдарламасын (жобасын) бекіту
және түзету қағидаларына
7-косымша

Нысан

Жоспарланған инвестициялық бағдарлама (жоба) Реттелетін нарыққа субъектісінің жылға

субъектінің инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау
барысы туралы/ инвестициялық бағдарламаны (жобаны)*
орындау туралы ақпараты

реттелетін нарық субъектісінің атауы, қызмет түрі, бағдарламаны (жобаны) кім бескітті (бұйрықтың құні, нөмірі)

....											
------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Ұйымның басшысы _____ (А.Ә.Т., қолы, күні, (болған кезде))

Реттелетін нарықтардағы бағаны
белгілеу, реттелетін нарық
субъектісінің инвестициялық
бағдарламасын (жобасын) бекіту
және түзету қағидаларына
8-қосымша

Нысан

шекті бағада

(реттелетін нарық субъектісінің атауы, БСН/ЖСН)
ескерілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау не
орындауда турали жартыжылдық ақпараты

201_ жылғы _____
(жартыжылдық)

(ЭКЖЖ бойынша қызмет түрі)

№	p/с	Инвестициялық бағдарлама (жоба) көрсеткіштерінің атауы (қолданыс кезеңі көрсетіліп)	Кім бекітті (бұйрықтың күні, нөмірі)	Ic-шараның атауы	Ic-шараларды іске асыру жылдары			
					I тоқ.	II тоқ.	III тоқ.	IV тоқ.
				

Кестенің жалғасы:

Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шарасының, объектісінің жоспарлы өлшемдері (іс-шарасының, объектісін орындау, олардың накты өлшемдері)	Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағда іс-шарасының, объектісін орындау, олардың накты өлшемдері (іс-шарасының, объектісін орындау, олардың накты өлшемдері) (тоқсан сайын, өспелі қорытындымен)
Өлшемдерінің бірлескен төмөнкілдік жоспары	Өлшемдерінің бірлескен төмөнкілдік жоспары

Ескертпе:

1) * инвестициялық бағдарламаны іске асыру бойынша растаушы құжаттарды қоса беріп (тиісті шарттардың, келісімшарттардың көшірмелері, орындалған жұмыстарды қабылдау турали акті (№ 2 нысан), орындалған жұмыстар мен

шығындар құны туралы анықтама (№ КС-3 нысаны), шот-фактуралар, мемлекеттік қабылдау комиссияларының қабылдау актілері, ішкі ілеспе құжаттары, реттелетін нарық субъектілерінің пайдалануға енгізу және тенгерімге қабылдау туралы ішкі бүйрықтары);

2) Аббревиатуралар:

БСН – Бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – Жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЭҚЖЖ – Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші

Қолы _____

(ұ յ ы м н ы н б а с ш ы с ы)

Қазақстан

Р е сп у б ли к а с ы

Ұлттық

эко н о м и к а

ми н и ст р i н i ц

е з г е р i с т е р

м е н

толықтыру л а р

енгізілетін

ке й б і р

бүйрықтарының

тізбесіне 2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2014 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 176 бүйрығымен бекітілген

Қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін оңайлатылған мемлекеттік реттеу қағидалары Жалпы ережелер

1. Қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін оңайлатылған мемлекеттік реттеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының 15-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін мемлекеттік реттеудің оңайлатылған тәртібін айқындайды.

Қағидалар іске асырудың мынадай кезеңдерін көздейді:

1) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) және тарифтік сметалардың жобаларын бекітуге өтінім ұсыну;

2) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту;

3) шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі;

4) түзетулерді ескере отырып, тарифтік сметаны бекіту;

5) тарифтік сметаны орындау туралы есепті ұсыну.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісі – мынадай:

жалпы белгіленген қуаттылығы жиырма Гкал/сағатты қоса алғанға дейінгі жылыту қазандықтарынан жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) онымен жабдықтау жөніндегі;

көлемі жылына бес жұз мың текше метрге дейін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру;

көлемі жылына отыз миллион текше метрге дейін суғару үшін су беру жөніндегі;

көлемі елу мың вагон/км-ге, вагон/сағатқа дейін болатын кірме жолдар саласындағы;

көлемі жылына жиырма бес миллион кВт.сағатқа дейін электр энергиясын беру және (немесе) тарату жөніндегі көрсетілетін қызметтерді өткізуі жүзеге асыратын табиғи монополия субъектісі.

Қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісіне кірісі күнтізбелік бір жыл ішінде табиғи монополия субъектісінің барлық реттеліп көрсетілетін қызметінен түсетін кірістің бес пайызынан аспайтын реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша табиғи монополия субъектісі де жатады. Бұл ретте қалған реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша табиғи монополия субъектісі қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісіне жатпайды.

Лондон банкаралық нарығының мөлшерлемесі – жылдық пайыз ретінде көрсетілетін пайыздарды есептеу кезеңінің бірінші күніне құны бойынша (немесе пайыздарды төлеу күніне құны бойынша пайыздарды есептеудің бастапқы кезеңі жағдайында не пайыздарды есептеудің осындағы кезеңі күні, не пайыздық есептеудің бірінші күні алдындағы келесі күні) алты айлық бір валюталық депозиттер бойынша Лондон банкаралық нарығындағы ұсыныс мөлшерлемесі;

негізсіз алынған кіріс – уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) деңгейінен немесе оның шекті деңгейінен асатын құн бойынша ақы алу және (немесе) тарифтік сметада көзделген амортизациялық аударымдар қарожатын мақсатқа сай пайдаланбау, тарифтік сметаның шығын баптарын уәкілетті органның ведомствосы бекіткен мөлшерден бес пайыздан астамға орындау нәтижесінде субъекті алған қосымша кіріс;

уәкілетті органның ведомствосы – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы;

тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) бекітуге арналған өтінім – субъектінің уәкілетті органның ведомствосына реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту туралы жазбаша өтініші;

тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне енгізілетін шығындардың түрлерін шектеу – тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) бекіту кезінде ескерілмейтін шығындардың тізбесін анықтау;

шығыстардың деңгейін шектеу – белгіленген және (немесе) бекітілген нормалар, нормативтер, стандарттар және лимиттер негізінде тарифте (бағада, алым мөлшерлемесінде) ескерілетін шығындар деңгейінің шегін белгілеу.

2. Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) және тарифтік сметалардың жобаларын бекітуге өтінімдерді ұсыну тәртібі

3. Субъектілер реттеліп көрсетіletіn қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін), тарифтік сметаларды өткен күнтізбелік жылдың фактісі бойынша тұтыну бағаларының индексінен аспайтын шамаға жылына бір рет дербес өзгереді.

Тариф (баға, алым мөлшерлемесі), тарифтік смета осылайша өзгерген жағдайда субъекті уәкілетті органның ведомствосын тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін), тарифтік сметаны өзгерту күнінен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің), тарифтік сметаның өзгеру себептерін көрсететін ақпаратты қоса бере отырып хабардар етеді.

Бұл ретте, тарифтік сметадағы шығындардың деңгейлерінің өзгерістері Қағидалардың 4-бөлімінің талаптарына сәйкес түзетілді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайда субъекті өзгерткен реттеліп көрсетіletіn қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тариф (баға, алым мөлшерлемесі), реттеліп көрсетіletіn қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тиісінше тариф (баға, алым мөлшерлемесі) және тарифтік смета болып табылады.

Реттеліп көрсетіletіn қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін), тарифтік сметаны тұтыну бағаларының индексінен асатын шамаға өзгерту қажет болған кезде, субъекті уәкілетті органның ведомствосына тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін), тарифтік сметаны Қағидаларда белгіленген тәртіппен қайта қарау үшін оны қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей өтініммен жүгінеді.

4. Реттеліп көрсетіletіn қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін), тарифтік сметаны тұтыну бағаларының индексінен асатын шамаға өзгерту жөніндегі өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту қажеттілігін ашатын және реттеліп көрсетіletіn қызметтер бойынша жылдар бөлінісінде тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) соңғы бекіту сәтінен өткен кезең ішіндегі субъектінің қызметіне қаржы-шаруашылық талдауды қамтитын түсіндірме жазба;

2) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік сметаны орындау туралы есеп;

3) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тарифтің (бағанын, алым мөлшерлемесінің) және тарифтік сметаның жобасы;

4) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасына сәйкес қаржы есептілігі;

5) персонал саны, шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттілігінің есептері және тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгі нормалар мен нормативтердің негізінде жасалған техникалық ысыраптардың есептері;

6) субъектінің негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін ағымдағы және құрделі жөндеуге және басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталатын шығындардың жылдық сметаларының жобасы;

7) негізгі құралдар құнының өсуіне әкелетін құрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге бағытталатын шығындардың жылдық сметалары;

8) негізгі құралдарды пайдалану мерзімдерін көрсете отырып, амортизациялық аударымдардың есебі;

9) субъекіт желілерінің (жабдығының) жобалық қуаты және оны іс жүзінде пайдалану туралы деректер;

10) реттеліп көрсетілетін қызметтердің жоспарлы көлемін растайтын құжаттар (ниет хаттамалары, шарттар);

11) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бағаларын растайтын құжаттар (болған жағдайда);

12) негізгі құралдарды соңғы қайта бағалау (болған жағдайда) нәтижелері туралы мәліметтер қоса беріледі.

5. Тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны төтенше реттеуші шара ретінде бекітуге арналған өтінімге мыналар қоса беріледі:

1) табиғи монополия субъектісінің қызметін тұрақтандыру және азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және занды тұлғалардың мүлкін, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында төтенше реттеуші шара ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекіту себептерін көрсете отырып, түсіндірме жазба;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген нысан бойынша Қағидалардың 4-тaraуының талаптарына сәйкес тарифтік сметаның жобасы. Бұл ретте стратегиялық тауарлардың құны ұлғайған жағдайда, тарифтік сметада стратегиялық тауарларды пайдалануды қамтитын шығындардың баптары ғана түзетіледі;

3) табиғи монополия субъектісінің қызметін тұрақтандыру және азаматтардың өмірін, денсаулығын, жеке және занды тұлғалардың мүлкін, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мақсатында төтенше реттеуші шара ретінде

тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекіту қажеттілігін растайтын құжаттар.

Стратегиялық тауарлардың құны ұлғайған жағдайда төтенше реттеуші шара ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекіту қажеттілігін растайтын құжаттар ретінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) бекітуге арналған өтінімге конкурстық құжаттама, тауарларды сатып алу жөніндегі конкурстық (тендерлік) комиссиялардың шешімдері, шарттар, шот-фактуралар, шығындар деңгейінің, сондай-ақ тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгі нормалар мен нормативтердің негізінде жасалған есептемелері, нормативтік техникалық ысыраптардың, құнының өзгеруі тарифті төтенше реттеуші шара ретінде бекітуге өтінім беруге себеп болып табылатын стратегиялық тауар шығысының нормалары қоса беріледі.

6. Өтінімге қоса берілетін материалдарға қойылатын талаптар:

1) өтінімнің материалдары тігіледі, нөмірленеді, субъектінің мөрімен және басшысының не оны алмастыратын адамның не құзыретіне бухгалтерлік есеп пен қаржы мәселелері кіретін табиғи монополия субъектісінің басшысы орынбасарының қолымен расталады. Қаржы құжаттарына табиғи монополия субъектісінің басшысы және бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды және табиғи монополия субъектісінің мөрімен расталады.

2) материалдар субъекті ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке дайындалады. Негіздеуші материалдар ретінде өтінім беру алдындағы төрт тоқсан ішіндегі және өткен жылғы шығындар туралы нақты деректер ұсынылады;

3) көлемдердің маусымдық ауытқуларының тарифтерге (бағаларға, алым мөлшерлемлеріне) әсер етуін болдырмау мақсатында негіздемеге қаржы жылына арналған есептердегі деректер қабылданады.

7. Уәкілетті органның ведомствосы өтінімді алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған материалдардың толықтығын тексереді және қуаттылығы аз табиғи монополия субъектісіне өтінімді қарауға қабылдағаны немесе бас тарту себептерін көрсете отырып, өтінімді қарауға қабылдаудан бас тартқаны туралы жазбаша түрде хабарлайды.

Табиғи монополия субъектісінің өтінімін қарауға қабылдаудан бас тарту себептері:

- 1) өтінімді ұсыну мерзімдерін бұзу;
- 2) Қағидалардың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынбау;
- 3) ұсынылған құжаттардың Қағидалардың 5-тармағына сәйкес келмеуі;
- 4) дәйексіз ақпаратты қамтитын құжаттарды ұсыну болып табылады.

Табиғи монополия субъектісінің тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны төтенше реттеуші шара ретінде бекітуге өтінімін қарауға

қабылдаудан бас тарту себебі Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттардың ұсынылмауы болып табылады.

8. Коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты өтінім беруші "коммерциялық құпия" деген белгімен ұсынады және жеке мүқабада жіберілуі мүмкін және қолдаухатты қарауға арналған ақпараттар (құжаттар) пакетіне енгізіледі.

Ақпарат құрамындағы коммерциялық құпия оны уәкілетті органға ұсынудан бас тартудың негізі бола алмайды, бұл ретте мүдделі тұлғалар ақпаратты уәкілетті органға ұсыну кезінде коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің толық тізбесін көрсетеді не мүдделі тұлғаның коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер тізбесін бекіту туралы актісінің көшірмесін қоса береді.

3. Тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды бекіту тәртібі

9. Уәкілетті органның ведомствоны қуаттылығы аз табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) жобаларын күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды. Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) жобаларын қарау мерзімі өтінім берілген сәттен бастап есептеледі.

Уәкілетті органның ведомствоны төтенше реттеуші шаралар ретінде шешім қабылдау үшін қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) жобаларын күнтізбелік он күн ішінде қарайды.

10. Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) жобаларын есептеу кезінде базага реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) төрт тоқсан ішіндегі немесе өткен күнтізбелік жыл ішіндегі нақты көлемдері алынады.

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдері төмендеген кезде төмендеуді негіздеуші және растаушы материалдар ұсынылуға тиіс.

11. Уәкілетті органның ведомствоны табиғи монополия субъектісі ұсынған негіздеуші құжаттар мен есептерді талдау негізінде тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) жобаларына сараптама жүргізеді. Уәкілетті органның ведомствоны қызметтің ұқсас түрімен айналысатын табиғи монополия субъектілері қызметінің көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жүргізеді.

12. Уәкілетті органның ведомствоны құзыретті органдардан, сондай-ақ субъектінің өзінен қосымша ақпаратты бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімді көрсете отырып сұратады.

13. Уәкілетті органның ведомствоны субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту туралы шешім қабылданғанға дейін бір күн бұрын жария тыңдаулар өткізеді.

Уәкілетті органның ведомствоны жария тыңдауларды өткізу күні мен орны туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады және мерзімді баспа басылымдарында жариялады.

14. Уәкілетті органның ведомствоны табиғи монополия субъектісі ұсынатын тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) жобасын жария тыңдауларды жүргізу кезінде талқылауға шығарады.

Уәкілетті органның ведомствоны жүргізілген сараптаманың нәтижелері бойынша жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

15. Жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту туралы шешім қабылдау кезінде уәкілетті органның ведомствоны осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген нысан бойынша тарифтік сметаны бір мезгілде бекітеді.

16. Табиғи монополия субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы уәкілетті орган ведомствоның шешімі уәкілетті орган ведомствоның бұйрығымен ресімделеді және уәкілетті органның ведомствоны табиғи монополия субъектісіне оларды қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей жолдайды.

17. Жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды қолданысқа енгізу тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) бекітілген айдан кейінгі үшінші айдың бірінші күннен бастап жүзеге асырылады

Тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды төтенше реттеуші шара ретінде қолданысқа енгізу уәкілетті органның ведомствоны белгілеген күннен бастап жүзеге асырылады. Бұл ретте жаңа тарифті бекіту үшін он екі айлық уақыт кезеңі бұрын жалпы тәртіппен бекітілген тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) қолданысқа енгізген күннен бастап белгіленеді.

18. Табиғи монополия субъектісі тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) өзгергені туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына табиғи монополия субъектісі өз қызметін жүзеге асыратын әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында осы

ақпаратты орналастыру арқылы олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жеткізеді.

19. Табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына бес жұмыс күні ішінде тұтынушыларды хабардар ету фактісі туралы ақпарат ұсынады.

Егер табиғи монополия субъектісі тұтынушыларды Қағидаларда көзделген мерзімде жаңа тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) енгізілетіні туралы хабардар етпесе, онда көрсетілген тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) уәкілетті орган ведомствосының шешімінде көрсетілген күнінен бастап енгізілмейді. Бекітілген тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) енгізу тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту айынан кейінгі төртінші айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

20. Уәкілетті орган ведомствосының өтінімді қарауға қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы, табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту немесе бекітуден бас тарту туралы шешіміне табиғи монополия субъектісі немесе реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушы занда белгіленген тәртіппен және мерзімде шағым жасауы мүмкін.

4. Шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі

21. Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифке (баға, алым мөлшерлемесіне) енгізілетін шығындарды реттеу тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне енгізілетін шығындардың түрлерін шектеу және субъектінің шығыстар деңгейін шектеу жолымен жүзеге асырылады.

22. Тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігі тарифті (бағаны , алым мөлшерлемесін) бекіту кезінде ескерілетін субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуына байланысты шығындардың жиынтығы болып табылады. Осы шығындар реттеліп көрсетілетін қызметтің өзіндік күнинан және кезең шығыстарынан (жалпы және әкімшілік шығыстар, өткізу жөніндегі шығыстар) тұрады.

23. Тарифтің шығын бөлігінің өндірістік шығыстарына:

- 1) материалдық шығыстар;
- 2) өндірістік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары;
- 3) амортизация;
- 4) негізгі қорлардың өсуіне алып келмейтін жөндеу жұмыстарының шығыстары;

5) реттеліп көрсетілетін қызметке (тауарға, жұмысқа) тікелей жататын өзге де өндірістік шығыстар енгізіледі.

24. Тарифтің шығын бөлігінің кезең шығыстарына:

1) әкімшілік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары;

2) міндетті сақтандыру түрлеріне, салықтарға, алымдар мен төлемдерге шығыстар;

3) өзге де әкімшілік шығыстар;

4) сыйақылар төлеуге шығыстар енгізіледі.

25. Тарифтің шығын бөлігінің өндірістік шығыстары тарифтің шығын бөлігіне былайша енгізіледі:

1) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне енгізілетін материалдық шығыстар тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгі нормалар мен нормативтердің негізінде жүргізілген өнімнің (көрсетілетін қызметтердің, тауарлардың, жұмыстардың) бірлігін шығаруға арналған шикізат, материалдар, отын, энергия (бұдан әрі – материалдық ресурстар) қажеттілігінің есептеріне және Заңның 18-4-бабында белгіленген тәртіппен тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) бекітуге өтінім беру күніне жүргізілген тендерлік (конкурстық) сатып алудың нақты нәтижелері бойынша айқындалған материалдық ресурстардың бағаларына сүйене отырып айқындалады.

Тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгі нормалар мен нормативтердің негізінде жүргізілген техникалық ысыраптардың есептеріне сәйкес нормативтік техникалық ысыраптардың деңгейіне байланысты шығыстар.

2) өндірістік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары субъекті персоналдының нормативтік санынан аспайтын нақты санға және Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңында жыл сайын тиісті қаржы жылына белгіленетін жалақының екі есе ең төменгі мөлшерінен кем болмайтын деңгейде айқындалады.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштері ескеріліп қолданыстағы тарифтерде (бағаларда, алымдар мөлшерлемелерінде) қабылданған орташа айлық жалақыға сүйене отырып айқындалған субъектінің өндірістік персоналдының жалақысын Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңында жыл сайын тиісті қаржы жылына белгіленетін жалақының екі есе ең төменгі мөлшерінің деңгейінен асырған кезде, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштері (инфляция) ескеріліп қолданыстағы тарифтерде (бағаларда, алымдар мөлшерлемелерінде) қабылданған орташа айлық жалақыға сүйене отырып айқындалатын өндірістік персоналдың жалақысы ескеріледі.

Бұл ретте, шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттілігінің есептері және техникалық ысыраптардың есептері тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгі нормалар мен нормативтердің негізінде жүргізіледі.

Еңбек заңнамасына сәйкес еңбекақы төлеу жүйесінде көзделген еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар мен ұстемеақылар төлеуге байланысты шығыстар;

3) тік желілік (біркелкі) есептеу әдісі бойынша есептелген негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары, бұл ретте субъект қайта бағалау жүргізгеннен кейін амортизациялық аударымдардың үлгаюы тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне кезең-кезеңмен енгізіледі;

4) негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін ағымдағы және құрделі жөндеулерге және басқа да қалпына-келтіру жұмыстарға табиғи монополия субъектісі бағыттайтын қаржат осы іс-шараларды жүргізу қажеттілігін растайтын құжаттар болған кезде тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне енгізіледі;

5) Реттеліп көрсетілетін қызметке (тауарға, жұмысқа) тікелей жататын өзге де өндірістік шығыстар тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне салалық ерекшеліктер ескеріле отырып, растаушы құжаттардың негізінде енгізіледі.

26. Кезең шығыстары тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігінде былайша ескеріледі:

1) әкімшілік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары табиғи монополия субъектісі персоналның нормативтік санынан аспайтын нақты санға және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштері (инфляция) ескеріліп қолданыстағы тарифтерде (бағаларда, алымдар мөлшерлемелерінде) қабылданған орташа айлық жалақыға сүйене отырып айқындалады.

Уәкілетті органның ведомствоны тарифке (бағаға, алым мөлшерлемесіне) енгізілетін әкімшілік және (немесе) өндірістік персоналға еңбекақы төлеу шығыстарының деңгейін қызметтің ұқсас түрімен айналысатын субъектілерге еңбекақы төлеуге арналған шығындарды салыстырмалы талдау негізінде қарайды, сондай-ақ субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтері көлемдерінің серпінін назарға алады;

Персонал санын қысқарту нәтижесінде әкімшілік персоналға еңбекақы төлеу шығыстарын нақты үнемдеген жағдайда, әкімшілік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары бұрын бекітілген тарифтік сметада көзделген мөлшерде тарифте

ескеріледі, ал үнем сомасын табиғи монополия субъектісі әкімшілік персонал жалақысының деңгейін көтеруге не сыйлықақы беруге және жалақыға басқа да сыйақыларға бағыттауы мүмкін.

2) міндettі сақтандыру түрлеріне, салықтарға, алымдар мен төлемдерге шығыстар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленген мөлшерлемелерге сәйкес айқындалады;

3) негізгі құралдардың және өндірістік сипаттағы емес материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары;

4) өзге әкімшілік шығыстар тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне салалық ерекшеліктер ескеріле отырып, растаушы құжаттардың негізінде енгізіледі.

Табиғатты қорғау шығыстары, табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлемақы өзге шығыстарға енгізіледі және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген алымдар мен мөлшерлемелер ескеріле отырып айқындалады.

Өндірістік қажеттілікке байланысты әкімшілік персоналдың біліктілігін көтеруге шығыстар осында қажеттілікті растайтын құжаттар ұсынылған кезде кезең шығыстарында ескеріледі.

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің шенберінде өндірістегі өнерталқыштыққа және рационализаторлыққа байланысты шығыстар экономикалық негізделген материалдар болған жағдайда кезең шығыстарына енгізіледі;

5) табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) іске асыруға қарыз қаражаты үшін сыйақылар төлеуге шығыстар табиғи монополия субъектісі қарыз қаражатын тарту туралы жасалған шарттарды ұсынған кезде кезең шығыстарына енгізіледі және байлаша айқындалады:

Инвестициялық жобаны іске асыру үшін ұлттық валютада алынған қарыз қаражаты бойынша сыйақы төлеуге шығыстар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың екі еселік ресми мөлшерлемесі қолданылып есептелген сома шегінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) есептеу кезінде ескеріледі. Инвестициялық жобаны іске асыру үшін шетел валютасында алынған қарыз қаражаты бойынша сыйақы төлеуге шығыстар Лондон банкаралық нарығының төрт еселік мөлшерлемесі қолданылып есептелген сома шегінде тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) есептеу кезінде ескеріледі.

Шетелдік валютасында алынған қарыз қаражаты үшін сыйақы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарының негізгі көрсеткіштері және Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің болжамды көрсеткіштері негізінде шетел валютасына теңге бағамының болжамды өзгеруі ескеріліп, тарифтің (бағаның,

мөлшерлемесінің) шығын бөлігіндегі кезең шығыстарында ескеріледі. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі субъектінің өтінім берген күніне қолданылады;

Үәкілетті органның ведомствоны тарифті (бағаны, алым мөлшерлемесін) және тарифтік сметаны бекітуге арналған өтінімді қарау кезінде кезең шығыстарын тарифтерге (бағаларға, алым мөлшерлемелеріне) Нормативтік құқық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 тіркелген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібінде көзделген жағдайларда тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) өзгерту алдындағы кезеңде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштері (инфляция) ескеріліп және Қағидалардың ережелері ескеріліп қолданыстағы тарифтерде (бағаларда, алым мөлшерлемелерінде) қабылданған кезең шығыстарының шегінде енгізеді.

Субъектілер қызметінің тиімділігі төмендеген кезде (реттеліп көрсетілетін қызмет бірлігінің өзіндік құнының ұлғауы, реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуі, кредиторлық және дебиторлық берешектің өсуі) үәкілетті органның ведомствоны шығындардың өзгерістерін Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін (инфляция) ескермesten қарайды.

27. Субъекттіге мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінетін субсидиялар тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігін кемітуге ескеріледі, ал су шаруашылығы және (немесе) көріз жүйелері саласындағы көрсетілетін қызметті жүзеге асыратын субъекттіге жеке тариф (баға, алым мөлшерлемесі) оны ұсыну кезеңінде қолданылатын мемлекеттік субсидиялау ескеріле отырып белгіленеді.

28. Тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігіне енгізілмейтін жалақыға қоса берілетін сыйлықақыларға және сыйақылардың басқа түрлеріне шығыстарды субъект (мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда) таза кірістен (нақты пайдадан) жүзеге асыра алады.

29. Субъектілер инвестицияларды өз қаражаты және (немесе) қарыз қаражаты есебінен жүзеге асыруы мүмкін. Кәсіпорынның өз қаражатының көздері пайда (таза кіріс) және амортизациялық аударымдар болып табылады.

Қарыз қаражатын қайтару пайда және (немесе) амортизациялық аударымдар есебінен жүзеге асырылады.

30. Акцияларды (үлестерді) сатып алу, сондай-ақ субъектінің коммерциялық ұйымдарға қатысуының өзге нысандары уәкілетті орган ведомствосының келісімі бойынша субъектінің таза кірісінің (нақты пайдасының) есебінен жүзеге асырылады.

31. Субъектілердің тарифтерін (бағаларын, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту кезінде тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шығын бөлігінде мыналар ескерілмейді:

1) нормативтен тыс техникалық және коммерциялық ысыраптарға, тауарлық-материалдық құндылықтардың және қоймадағы қорлардың бұзылуына және жетіспеушілігіне, басқа өндірілмейтін шығыстар мен ысыраптарға шығыстар;

2) реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету, ұсыну кезінде пайдаланылмайтын негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары;

3) сенімгерлік басқаруға, мұліктік жалға, лизинг бойынша алынған негізгі құралдарды (жалпы шаруашылық мақсаттағы негізгі құралдардан басқа) пайдаланғаны үшін жалдау ақысына және/немесе сыйақылар төлеуге шығыстар;

4) ластайтын заттардың нормативтен тыс шығарындыларына (тастандыларына) төлемдер;

5) сот шығындары;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен салынған айыппұлдар, өсімақылар, тұрақсыздық айыбы және санкциялардың басқа да түрлері;

7) ұрлықтан болған залалдар;

8) сапасыз өнімді өндіруден (ақаудан) болған шығындар;

9) қызмет көрсететін өндірістер мен шаруашылықтарды ұстауға шығыстар;

10) денсаулық сақтау объектілерін, мектепке дейінгі балалар мекемелерін, оқу орындарын, технологиялық қажеттіліктен басқа, құзыретті органмен келісілген кәсіптік-техникалық училищелерді ұстауға шығыстар;

11) сауықтыру лагерьлерін, мәдениет және спорт объектілерін, тұрғын үй қорын ұстауға шығыстар;

12) мәдени-ағарту, сауықтыру және спорттық іс-шараларды (демалыс кештерін, спектакльдер, концерттер өткізу) өткізуға шығыстар;

13) кәсіпорындар қызметкерлеріне тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, бақша үйлерін сатып алуға және үй шаруашылығымен айналысуға берілген несиelerdі (пайызсыздарды қоса алғанда) өтеуге шығыстар;

14) бақша серіктестіктерін абаттандыруға (оның ішінде жол салу, энергиямен және сумен жабдықтау, жалпы сипаттағы басқа да шығыстарды жүзеге асыру) шығыстар;

15) дәрістер, көрмелер, диспуттар, ғылым және өнер қайраткерлерімен кездесулер, ғылыми-техникалық конференциялар өткізуге және ұйымдастыруға, қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтарға мүшелік жарналарға шығыстар;

16) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнамаға, өндірістік мақсатта пайдаланылатын өнімдерді қоспағанда, жарнамалық, плакаттық және типографиялық өнімдер шығаруға шығыстар;

17) субъектінің персоналы үшін пәтерлерді, тұрғын ғимараттарды және құрылыстарды, жатақханалардан және қонақ үйлерден орын сатып алуға, жалдауға және ұстауға шығыстар;

18) қаланы абаттандыру, ауыл шаруашылығына көмек көрсету жөніндегі жұмыстарды орындауға және жұмыстың осындағы ұқсас түрлеріне шығыстар;

19) білім беру ұйымдарында оқытын қызметкерлердің демалыстарына ақы төлеуге шығыстар;

20) сыйлықақы және басқа да сыйақы нысандарын беруге шығыстар;

21) кәсіптік ауруларды оңалтып емдеуге байланысты шығындардан басқа, субъектінің қаражаты есебінен қызметкерлерді және олардың балаларын емдеуге, демалуга, экскурсияға жолдамаларды төлеуге шығыстар;

22) өз қызметкерлеріне медициналық көмек беруге деңсаулық сақтау органдарымен жасалған шарттар бойынша емханалардың қызметтеріне ақы төлеуге шығыстар;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндетті сақтандыру төлемдерін қоспағанда, сақтандыру төлемдері (кәсіпорындардың өз қызметкерлерінің пайдасына жасалған жеке және мүліктік сақтандыру шарттары бойынша кәсіпорындар төлейтін жарналар);

24) қызметкерге қосымша берілген демалыстарға (заңнамада көзделгеннен тыс) ақы төлеуге, оның ішінде бала тәрбиелеп отырған әйелдерге, қызметкердің отбасы мүшелеріне демалысты пайдаланатын жерге бару және қайту жолына ақы төлеуге шығыстар;

25) демеушілік көмектің барлық түрлерін көрсетуге шығыстар;

26) заңнамада көзделгеннен басқа, субъектінің қызметкерлеріне жеңілдіктер;

27) мерейтойлар күніне арналған немесе қызметкерлерге көтермелеу түрінде берілетін сыйлықтар (автомашиналарды, пәтерлерді, ұзақ пайдаланатын заттарды және басқа тауарларды, сондай-ақ қызметкерлердің жеке шоттарының пайыздық ставкасын көбейтуді қоса алғанда) сатып алуға шығыстар;

28) мектепке дейінгі мекемелердегі, санаторийлердегі және сауықтыру лагерьлеріндегі балаларды тамақтандыру құнын өтеуге шығыстар;

29) ұжымдық шартпен айқындалған мақсаттарға кәсіподақтарға арналған аударымдар;

30) өндіріс өнертапқыштығына және рационализаторлығына: тәжірибелік-экспериментальдық жұмыстарды жүргізуге, өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстар бойынша модельдер мен үлгілер дайындауға және сынақтан өткізуге, өнертабыс пен рационализаторлық бойынша көрмелер, байқаулар, конкурстар және басқа іс-шаралар ұйымдастыруға байланысты шығыстар, авторлық сыйақылар төлемдері;

31) реттеліп көрсетілетін қызметтерді өндіруге және көрсетуге тікелей қатысы жоқ және тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) өсуіне әкелетін шығыстардың басқа да түрлері.

5. Тұзетулерді ескере отырып, тарифтік сметаны бекіту

32. Табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына ағымдағы жылдың аяғына дейін күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей тарифтік сметаны түзету туралы ұсыныспен жүгіне алады.

Тарифтік сметаны түзету туралы ұсыныспен жүгінген кезде табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына тұзетулерді ескере отырып, тарифтік сметаның жобасын және бекітілген тарифтік сметаға енгізілетін тұзетулерді негіздейтін материалдарды ұсынады.

Ұсынылған тарифтік сметаның жобасы және материалдар Қағидалардың б-тармағының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

33. Уәкілетті органның ведомствосы тарифтік сметаны түзету туралы құжаттарды ұсынған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

34. Егер тарифтік сметаны түзету туралы ұсынысты қарау кезінде қосымша құжаттар (ақпарат) қажет болған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы құжаттарды ұсыну бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімді белгілеп, оны өтініш берушіден жазбаша түрде сұратуға құқылы. Мұндай жағдайда табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны түзету туралы ұсынысын қарау мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартылады, ол туралы өтініш берушіге қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде хабар беріледі.

Тарифтік сметаны түзету туралы ұсынысты қарау мерзімін уәкілетті орган ведомствосының басшысы ұзартады.

35. Егер осындаған түзету табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) деңгейінің көтерілуіне алып келетін жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы тарифтік сметаны түзетуден бас тартады.

6. Тарифтік сметаны орындау туралы есепті ұсыну тәртібі

36. Куаттылығы аз табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына ағымдағы жылдың 1 мамырына дейін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрінің бөлінісінде өткен қүнтізбелік жылға бекітілген тарифтік сметаны орындау туралы есеп береді және оны өзінің интернет-ресурсында бір мезгілде орналастырады не уәкілетті органның ведомствосына тарифтік сметаны орындау туралы есепті уәкілетті орган ведомствоның интернет-ресурсында орналастыру туралы өтініш жолдайды.

37. Субъекті тарифтік сметаны орындау туралы есепке өткен қүнтізбелік жылдың мынадай материалдарын:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген кестені қоса бере отырып, тарифтік сметаны орындамау себептерінің түсіндірмесімен оны орындау туралы түсіндірме жазбаны;

2) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6452 тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша пайдалар мен залалдар туралы есепті;

3) ағымдағы, күрделі жөндеулер мен басқа жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығын сметаларын іске асыру туралы мәліметтерді;

4) тарифтік смета бойынша нақты шығындарды растайтын басқа да материалдарды ұсынады.

38. Тарифтік сметаны орындау туралы ұсынылған есеп пен материалдар Қағидалардың 37-тармағына сәйкес келуге тиіс.

39. Уәкілетті органның ведомствоны тұтынушылардың арыздары, шағымдары, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары, мемлекеттік органдардың өтініштері бойынша және өз бастамасымен табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнама бұзушылығын бекітілген тарифтік сметаны орындамау, сол сияқты тарифтік сметаны орындау туралы жобаны және (немесе) есепті ұсынбау бөлігінде анықтап, мына іс-қимылдардың бірін қабылдау мүмкіндігін қарайды:

- 1) қолданыстағы тарифтік сметаға өзгеріс енгізуге бастамашылық жасау;
- 2) табиғи монополия субъектісіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ден қою шараларын қолдану;
- 3) уақытша өтемдік тариф белгілеу.

Куаттылығы аз табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін оңайлатылған
мемлекеттік реттеу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

(субъектінің атауы)

жылға реттеліп көрсетілетін
қызметтерге тарифтік сметаны орындау туралы есеп

P/ с №	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделгені	Тарифтік сметаның іс жүзінде калыптасқан көрсеткіштері	Ауыткуы %-бен	Ауытқу себептері

Куаттылығы аз табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін оңайлатылған
мемлекеттік реттеу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

(субъектінің атауы)

**Реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф (баға,
алым мөлшерлемесі) және тарифтік смета жобасы**

P/ с №	Көрсеткіштердің атауы*	Өлшем бірлігі	Колданыстағы тарифте бір жылға есептеліп қабылданғаны, барлығы	Табиғи монополия субъектісінің жобасы
1	2	3	4	5
1	Тауарлар өндіруге және қызметтер көрсетуге шығындар, барлығы	мың тенге		
2	Материалдық шығындар, барлығы оның ішінде:	-/-		
2.1	шикізат және материалдар	-/-		
2.2	энергия	-/-		
2.3	ЖЖМ	-/-		
2.4	отын	-/-		
2.5	сатып алынатын энергия	-/-		
2.6	сатып алынатын су	-/-		
2.7	су шаруашылығы және кәріз жүйелеріндегі электр энергиясының технологиялық шығысы (нормативтік ысыраптар)	-/-		

3	Еңбекакы төлеу шығындары, барлығы оның ішінде:	-//-		
3.1	жалақы	-//-		
3.2	әлеуметтік салық	-//-		
3.3	Амортизация	-//-		
3.4	Жөндеу, барлығы	-//-		
3.5	оның ішінде:			
3.6	негізгі құралдардың күнін өсіруге алып келмейтін күрделі жөндеу	-//-		
4	Өзге шығындар, барлығы оның ішінде:	-//-		
4.1	Байланыстың көрсетілетін қызметтері	-//-		
4.2	бөгде үйымдардың жүктерді тасымалдауы	-//-		
4.3	Күзеттің көрсетілетін қызметтері	-//-		
4.4	іссапар шығыстары	-//-		
4.5	кадрлар даярлау	-//-		
4.6	еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі табиғи ресурстарды (суды және басқаларын) пайдаланғаны үшін төлемакы	-//-		
4.8	іске қосу-реттеу жұмыстары	-//-		
4.9	өндірістік үй-жайларды дезинфекциялау , дератизациялау, қоқыс шығару және басқа да коммуналдық қызметтер	-//-		
5	міндетті сақтандыру түрлері	-//-		
5.1	лицензияларды сатып алу	-//-		
5.2	коршаган ортаны қорғау	-//-		
5.3	басқа да шығындар (таратып жазу қажет)	-//-		
I	Кезең шығыстары, барлығы	-//-		
6.	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы	-//-		
6.1	Еңбекакы төлеу шығындары, барлығы оның ішінде:	-//-		
6.2	әкімшілік персоналдың жалақысы	-//-		
6.3	әлеуметтік салық	-//-		
6.4	Банк көрсететін қызметтер	-//-		
6.5	амортизация	-//-		
6.6	техникалық басқару құралдарын, есептеу техникасын және т.б. ұстауға және оларға қызмет көрсетуге шығыстар	-//-		
6.7	Коммуналдық көрсетілетін қызметтер	-//-		

6.8	бөгде үйымдар көрсететін қызметтері	-//-		
6.9	іссапар шығыстары	-//-		
7	өкілдік шығыстар, мерзімді баспасөзге, байланыска шығыстар	-//-		
7.1	еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі	-//-		
7.2	жалпы шаруашылық максаттағы негізгі күралдарды жалдау	-//-		
7.3	салықтар	-//-		
7.4	басқа да шығыстар (таратып жазу қажет)	-//-		
7.5	Өткізу қызметін ұстауға шығыстар, барлығы оның ішінде:	-//-		
7.6	жалақы	-//-		
7.7	әлеуметтік салық	-//-		
7.8	түбіртектерді ресімдеуге шығыстар	-//-		
7.9	қызметтерді өткізуге байланысты амортизация (оның ішінде су өлшегіштерге)	-//-		
8	ағымдағы жөндеу	-//-		
8.1	негізгі күралдардың құнын өсіруге алып келмейтін күрделі жөндеу	-//-		
8.2	Маркетингтік көрсетілетін қызметтер	-//-		
8.3	басқа да шығыстар (таратып жазу қажет)	-//-		
8.4	Сыйақылар төлеуге шығыстар	-//-		
II	Барлық шығын	-//-		
IV	Пайда	-//-		
	Барлық кіріс	-//-		
I	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	мың м ³ , мың Гкал, кВтсағ		
II	Нормативтік ысыраптар	мың м ³ /мың тенге мың Гкал/мың тенге кВтсағ/мың тенге		
III	Тариф (ҚҚС-сыз)	мың м ³ , мың Гкал, кВтсағ		

Басшы _____

(лауазымы, қолы, А.Ә.Т.)

М.О

* - шығындар қажет болған кезде кеңейтілуі немесе толықтырылуы мүмкін

өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір бұйрықтарының
тізбесіне 3-косымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2014 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 194 бұйрығымен бекітілген

Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) бекіту, оларды түзету, сондай-ақ олардың орындалуы туралы ақпаратқа талдау жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) бекіту, оларды оны түзету, сондай-ақ олардың орындалуы туралы ақпаратқа талдау жүргізу қағидалары "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 15-3-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар іске асырудың мынадай кезеңдерін көздейді:

- 1) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) және тарифтік сметалардың жобаларын бекітуге өтінімді ұсыну;
- 2) инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қарау және бекіту;
- 3) жоспарланатын инвестициялық бағдарламаны (жобаны) оны бекіту кезінде түзету;

4) бекітілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) түзету;

5) инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпаратқа талдау жүргізу және осындай талдау жүргізу кезінде инвестициялық бағдарламаны (жобаны) түзету;

6) субъектінің инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау барысыс туралы тұтыншыларды хабардар ету;

7) субъектінің инвестициялық бағдарламаны орындауы туралы ақпаратты орналастыруы.

2. Табиғи монополия субъектісінің (бұдан әрі – Субъект) инвестициялық бағдарламасы (жобасы) Қазақстан Республикасы дамуының басымдықтарын және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін ескере отырып, тиісті кезеңге жүйелерді қалпына келтірудің, реконструкциялаудың, жаңғыртудың салалық немесе жергілікті бағдарламалардың бекітілген көрсеткіштері мен индикаторларына қол жеткізу үшін әзірленеді және жаңа активтерді құруға, қолда бар активтерді кеңейтуге, қалпына келтіруге, жаңартуға, реконструкциялауға, техникалық қайта жарақтандыруға бағытталған.

Бекітілген инвестициялық бағдарламада (жобада) көзделген субъектінің негізгі құралдарына салымдардың көлемі реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) тарифтерінің (бағалардың, алым мөлшерлемелерінің) шекті есу болжамын ағымдағы кезеңге және ұзақ мерзімді перспективаға есептеу кезінде ескеріледі.

3. Субъектінің инвестиациялық бағдарламасын (жобасын) іске асыру Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 тіркелген, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бүйрекшімен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібінің талаптарына сәйкес қалыптастырылған тарифтік сметаға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Субъектінің инвестиациялық бағдарламасы (жобасы):

1) іске асыру мерзімдері бойынша – қысқа мерзімді (1 жылға дейін қоса алғанда), орташа мерзімді (1 жылдан астам және 4 жылға дейін қоса алғанда) немесе ұзақ мерзімді (5 жыл және одан көп);

2) мэртебесі бойынша – респубикалық және жергілікті;

3) іс-қимылдардың бағыттылығы бойынша – бір немесе бірнеше инвестиациялық жобаларды қамтитын, техникалық-экономикалық тиімділік алу мақсатында қысқа мерзімді, орташа мерзімді немесе ұзақ мерзімді кезеңге арналған субъектінің жаңа активтерін жасауға, қолда бар активтерді кенейтуге, қалпына келтіруге, жаңартуға, қолдауға, негізгі құралдарын реконструкциялауға, техникалық қайта жарақтандыруға инвестициялар болып бөлінеді.

5. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) болжамды тарифтік смета – инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) іске асырудың әрбір жылына тарифтік смета;

2) инвестиациялық бағдарлама – бір немесе бірнеше инвестиациялық жобаларды қамтитын, техникалық-экономикалық тиімділік алу мақсатында қысқа мерзімді, орташа мерзімді немесе ұзақ мерзімді кезеңге арналған субъектінің жаңа активтерді жасауға, қолда бар активтерді кенейтуге, қалпына келтіруге, жаңартуға, қолдауға, негізгі құралдарын реконструкциялауға, техникалық қайта жарақтандыруға жұмсалған қаражатты салу және қайтару бағдарламасы;

3) инвестиациялық жоба – жаңа өндірістерді құруға, қолданыстағыларын кенейтуге және жаңартуға инвестиацияларды көздейтін іс-шаралар кешені;

4) мемлекеттік орган – мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясында) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган. Табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген

екімшілік-аумақтық бірліктің тиісті аумағында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) келісуді жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады;

5) тарифтік кіріс – субъектінің уәкілетті органның ведомствоны бекіткен тарифтер (бағалар, алым мөлшерлемелері) бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсетуден алған кіріс;

6) уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

7) уәкілетті органның ведомствоны – табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствоны.

2. Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қарau және бекіту тәртібі

6. Субъекті осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген жағдайды қоспағанда, уәкілетті органның ведомствоына және мемлекеттік органға инвестициялық бағдарламаны (жобаны) бекітуге ұсынады.

Субъектілердің Мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген екімшілік-аумақтық бірліктің тиісті аумағында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъектінің инвестиациялық бағдарламасын (жобасын) уәкілетті органның ведомствоы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының келісімі бойынша бекітеді.

Субъектінің бекітілген инвестиациялық бағдарламасын (жобасын) уәкілетті органның ведомствоы және Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген мемлекеттік орган осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ездерінің интернет–ресурстарында орналастырады.

7. Субъекті инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) бекіту үшін уәкілетті органның ведомствоына және мемлекеттік органға:

1) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша табиғи монополия субъектісінің инвестиациялық бағдарламасын (жобасын);

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысанда табиғи монополия субъектісінің инвестиациялық бағдарламасы (жобасы) тиімділігінің көрсеткіштерін, оның ішінде мыналарды көздейтін - іске асырылатын технологиялық және техникалық іс-шаралардың тізбесін, оның ішінде технологиялық процесті және коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған басқару жүйелерін (болған кезде) көрсете отырып, субъекті жоспарлаған инвестиациялық бағдарлама (жоба) тиімділігінің есебін;

3) баға деңгейлерін салыстырмалы талдауды, сатып алынатын негізгі құралдардың, құрылыш-монтаж жұмыстарының құнын көрсете отырып, оның

ішінде осындай жұмыстарды жүргізу қажеттілігін құжататмалық техникалық растауды, жиынтық сметалық есептерді, әрбір объекті бойынша жеке объектілік, локальды және ресурстық сметаларды, бизнес жоспарды, прайс-парактарды, шарттардың көшірмелерін, белгіленген тәртіппен сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттаманы (болған жағдайда) және т.б. қоса бере отырып, инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыруға арналған инвестициялық шығындар туралы ақпаратты;

4) болжамды мөлшерді және алдын ала қаржыландыру шарттарын, оның ішінде қарыз ресурстарын (қарыз қаражаттары бойынша сыйақы, қаржыландыру кезеңі, комиссиялық төлемақылар, қарыз қаражаттарын қайтару мерзімдері мен шарттары) растайтын құжаттарды;

5) егер инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру үшін республикалық, жергілікті бюджеттерден қаражат бөлінетін немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен кредиттер (инвестициялар) тартылатын жағдайда, оны қаржыландырудың мөлшері мен шарттарын растайтын құжаттарды;

6) егер субъекті инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру үшін қарыз қаражаттарын тартуды субъекті жоспарламаған жағдайда, қарыз қаражаттарын пайдаланбаудың (оның ішінде шығындарды, нормативтік ысыраптарды одан әрі төмендету мүмкін еместігін растап) экономикалық тиімділік есебін;

7) субъекті жоспарлаған инвестициялық бағдарламаны (жобаны) оны іске асыру кезеңінде оның тарифтеріне (бағаларына, алымдар мөлшерлемелеріне) әсер ету болжамын, субъектінің болжанған тарифтік сметасын қоса бере отырып;

8) өнірлік электр жеілісі компаниялары үшін техникалық сараптаманың қорытындыларын қоса беріп өтінім ұсынады.

Субъекті жоспарлаған инвестициялық бағдарламаға (жобаға) қоса берілетін құжаттар тігіледі, нөмірленеді және субъектінің мөрімен және басшысының не оны алмастыратын адамның, не құзыретіне бухгалтерлік есеп мәселелері кіретін басшысы орынбасарының қолымен расталады. Қаржылық құжаттарға субъектінің басшысы және бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды және субъектінің мөрімен расталады.

Нормативтік техникалық ысыраптарды жоспарлы төмендетуді есептеу жөніндегі талаптар магистральдық теміржол желілері, теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар, кірме жолдар, аэронавигация, порттар, әуежайлар, жылу энергиясын өндіру және онымен жабдықтау, су бұру салаларында қызмет көрсететін субъектілерге қолданылмайды.

8. Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) бюджетін жоспарлау және жасау Ерекше тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

9. Субъекті жоспарлаған инвестициялық бағдарлама (жоба) мынадай өлшемшарттар ескеретін іс-шаралар қамтылып әзірленеді:

- 1) салалық және өндірістік ерекшеліктерге қарай шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарын төмендету;
- 2) қаржылық-экономикалық тәуекелдерді барынша азайту;
- 3) субъекті әзірлеген және іске асыратын іс-шаралар жоспарына негізделген нормативтік техникалық ысыраптар болған жағдайда оларды төмендету және (немесе) нормативтен тыс ысыраптарды жою;
- 4) қарыз қаражаттарын пайдаланған жағдайда қарыз алу және қарыз қаражаттарын қайтару схемаларын оңтайландыру;
- 5) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемін ұлғайту және/немесе сапасын арттыру;
- 6) технологиялық процестерді басқару автоматтандырылған жүйелерін және энергияны есепке алудың коммерциялық аспабын енгізу (оларды енгізу қажет болған жағдайда);
- 7) субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) тұтынушылардың дебиторлық берешегі болған жағдайда, оның деңгейін төмендету бойынша кешенді іс-шаралар;
- 8) негізгі құралдардың тозуын төмендету;
- 9) реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетудің барлық кезеңдерінде есепке алу аспаптарын технологиялық ерекшеліктерге байланысты орнату;
- 10) инвестициялық бағдарламаға (жобаға) енгізілген іс-шаралардың сапасын, тиімділігін, сенімділігін қамтамасыз ету.

Субъекті жоспарлаған инвестициялық бағдарлама (жоба) тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) немесе олардың шекті деңгейлері қолданылатын барлық кезеңге әзірленеді.

10. Уәкілдегі органның ведомствоны және мемлекеттік орган субъекті жоспарлаған инвестициялық бағдарламаны (жобаны) оны ұсынған сәтten бастап күнтізбелік қырық бес күн ішінде қарайды.

Уәкілдегі органның ведомствоны инвестициялық бағдарламаны (жобаны) бекітүге өтінімді алған күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде субъектіні және мемлекеттік органды оны қарауға қабылдау немесе субъекті жоспарлаған инвестициялық бағдарламаны (жобаны):

- 1) субъектінің Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбауы және (немесе) Қағидалардың 7-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі;
- 2) субъектінің Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген құжаттардың топтамасын толық ұсынбауы;

3) ұсынылған инвестициялық бағдарламаның (жобаның) Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келмеуі жағдайларында қабылдаудан бас тарту туралы жазбаша хабардар етеді.

Әкімшілік-аумақтық бірліктің тиісті аумағында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін, табиғи монополиялар субъектілерінің Мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополия субъектісінің инвестиациялық бағдарламасын (жобасын) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органымен келісу үшін субъекті жоспарлаған инвестиациялық бағдарлама (жоба) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына осындай инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) уәкілетті органның ведомствосына бір мезгілде беріле отырып жіберіледі.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы субъектінің инвестиациялық бағдарламасын (жобасын) келісуді Занда көзделген мерзімдерде жүргізеді.

11. Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қарау кезінде уәкілетті органның ведомствосы оны іске асыру кезеңінде тарифтерге (бағаларға, алым мөлшерлемелеріне) әсер етуін айқындау мақсатында тиімділікке экономикалық және қаржылық бағалау жүргізеді.

12. Субъекті жоспарлаған инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) қарау нәтижелері бойынша уәкілетті органның ведомствосы:

- шешім қабылданғанға дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік органға инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) бекіту туралы шешімнің қол қойылған жобасын инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) қоса бере отырып жолдайды;

- не субъектінің инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) бекітуден бас тарту туралы, уәкілетті орган мен мемлекеттік орган қол қойған дәлелді қорытындыны қоса бере отырып хабардар етеді.

Инвестициялық жобаны бекітуден бас тартылған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы мемлекеттік органға уәкілетті органның ведомствосына субъекті жоспарлаған инвестиациялық бағдарлама түскен сәттен бастап 35 жұмыс күнінен кешіктірмей дәледі қорытындыны жолдайды.

Мемлекеттік органға уәкілетті орган ведомствосының дәлелді қорытындысы түскен сәттен бастап мемлекеттік орган бес жұмыс күні ішінде кеңес өткізеді, оның қорытындысы бойынша субъектінің инвестиациялық бағдарламасын (жобасын) бекітуден бас тарту туралы бірлескен шешім қабылданады. Кеңес қорытындысы бойынша хаттама ресімделеді.

Мемлекеттік орган уәкілетті орган ведомствосының инвестиациялық бағдарламаны бекітуден бас тарту туралы дәлелді қорытындысын уәкілетті

органның ведомствосымен кеңес өткізген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде, бірақ мемлекеттік органға уәкілетті орган ведомствоның дәлелді қорытындысы түскен сәттен бастап жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды және оған қол қояды.

Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) бекіту туралы шешімнің жобасы Қағидаларға сәйкес нысан бойынша инвестициялық бағдарламаны (жобаны) бекітуді көздейді.

13. Заңның 15-3-бабы 3-тармағына сәйкес уәкілетті органның ведомствоны мемлекеттік органның келісімі бойынша субъекті жоспарлаған инвестициялық бағдарламаны (жобаны) оны бекітуге ұсыну кезеңінде түзетуге, бекітілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) - оны іске асыру және Қағидаларда айқындалған жағдайларда және тәртіппен орындау туралы ақпаратқа талдау жүргізу кезеңінде түзетуге құқылы.

Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) бекіту туралы шешімнің жобасы ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік орган уәкілетті органның ведомствонына инвестициялық бағдарламаны (жобаны) бекіту туралы қол қойылған шешімді жібереді не дәлелді қорытындыны қоса бере отырып, инвестициялық бағдарламаны (жобаны) бекіту туралы шешімнің жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігі туралы ақпаратты енгізген жағдайда, инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қарau мерзімі он жұмыс күніне ұзартылады.

Уәкілетті орган немесе мемлекеттік орган инвестициялық бағдарламаны (жобаны) бекіту туралы шешімнің жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігі туралы ақпаратты енгізген жағдайда, инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қарau мерзімі он жұмыс күніне ұзартылады.

14. Субъекті мемлекеттік органның келісімі бойынша ағымдағы жылдың сонына дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей уәкілетті органды міндетті түрде хабардар ете отырып, тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде ескерілмеген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) іс-шараларын ауыстыруға немесе алып тастауға құқылы.

15. Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, инвестициялық бағдарлама (жоба) уәкілетті орган ведомствоның және мемлекеттік органның білескен бұйрығымен бекітіледі.

Әкімшілік-аумақтық бірліктің тиісті аумағында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін, табиғи монополиялар субъектілерінің Мемлекеттік тіркелімінің жергілікті беліміне енгізілген субъектінің инвестиациялық бағдарламасы (жобасы) нөмірленеді және сол жақ жоғарғы бұрышында "

"Келісілген", ал оң жақ жоғарғы бұрышында қабылдаған күні мен тіркеу нөмірі көрсетіліп мөрмен расталған "Бекітілген" деген белгісімен, мазмұны бар бірінші парапты қамтиды.

16. Субъектінің бекітілген инвестициялық бағдарламасын (жобасын) уәкілетті органның ведомствоны және тиісті мемлекеттік орган өздерінің Интернет-ресурстарында уәкілетті органның ведомствоны мен мемлекеттік орган шешім қабылдаған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде орналастырады.

17. Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) бекіту туралы шешімнің жобасын уәкілетті органның ведомствоны субъектіге уәкілетті органның ведомствоны және мемлекеттік орган шешім қабылдаған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде жолдайды.

18. Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) бекітуден бас тарту негіздері Заның 15-3-бабының 4-тармағында белгіленген.

19. Егер инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру кезеңінде субъекті Қағидалардың 7-тармағында көзделген тәртіппен инвестициялық бағдарламаны (жобаны) бекітуге жаңа өтінім берсе, уәкілетті органның ведомствоны инвестициялық бағдарламаның қолданыстағы тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) деңгейіне әсер етуіне талдау жүргізеді.

Халықаралық қаржы ұйымдарының қарызы қаражаттарын тартуға немесе мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға байланысты жаңа инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) деңгейін бекітілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) қалған мерзіміне болжанған көрсеткіштерден асырып өзгертуді талап ететін жағдайларды қоспағанда, егер жаңа инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) деңгейін бекітілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) қалған мерзіміне болжанған көрсеткіштерден асырып өзгертуді талап еткен жағдайда, уәкілетті органның ведомствоны Заның 15-3-бабының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес оны бекітуден бас тартады.

3. Жоспарланған инвестициялық бағдарламаны (жобаны) оны бекіту кезінде түзету тәртібі

20. Жоспарланған инвестициялық бағдарламаны (жобаны) түзетуді уәкілетті органның ведомствоны Қағидалардың ережелерін ескере отырып жүргізеді.

21. Егер субъекті ұсынған инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қарau барысында уәкілетті органның ведомствоны оған түзету жүргізген жағдайда, түзету туралы шешім қабылдаудан бұрын келісу мақсатында мемлекеттік органның қатысуымен кеңес өткізіледі, оның қорытындысы бойынша субъекті жоспарлаған инвестициялық бағдарламаны (жобаны) түзетудің мақсаттылығы

немесе мақсатсыздығы туралы шешім қабылданады. Кеңес қорытындысы бойынша хаттама ресімделеді, оны уәкілетті органның ведомствосы мемлекеттік органға субъектінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) бекіту туралы шешімнің жобасымен бірге жолдайды.

4. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) түзету тәртібі

22. Субъекті ағымдағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына және мемлекеттік органға (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына) бекітілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) түзету туралы ұсыныспен бір мезгілде өтініш жасауға құқылы.

Осы тармақтың талаптары инвестициялық бағдарламаны (жобаны) түзету жөніндегі ұсынысты уәкілетті органның ведомствосы қайтарған жағдайда, сондай-ақ Қағидалардың 22-тармағында көзделген жағдайларда субъектіге қолданылмайды.

Субъекті инвестициялық бағдарламаны пысықтайды және уәкілетті органның ведомствосы қайтарған субъектінің инвестициялық бағдарламаны (жобаны) түзету жөніндегі ұсынысын алған сәттен бастап күнтізбелік он күннің ішінде уәкілетті органның ведомствосы мен мемлекеттік органға оны қайта қарауға жолдайды.

Уәкілетті органның ведомствосы мен мемлекеттік орган Қағидалардың 10-тармағында көзделген мерзімде субъектінің инвестициялық бағдарламаны (жобаны) түзету жөніндегі ұсынысын қарауды, оның ішінде субъектінің инвестициялық бағдарламаны (жобаны) түзету жөніндегі пысықталған ұсынысын қайта қарауды жүзеге асырады.

23. Егер субъектінің қызметін тексеру қорытындысы бойынша уәкілетті орган осындай түзету енгізу қажеттігі туралы нұсқама енгізген жағдайда, ол уәкілетті органның ведомствосы мен мемлекеттік органға инвестициялық бағдарламаны түзету туралы ұсыныспен жүгінеді.

24. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны (жобаны) түзету туралы ұсынысқа:

1) инвестициялық бағдарламаға (жобаға) түзетулер енгізуді негіздейтін материалдарды (бизнес-жоспар, прайс-парақтар, шарттардың көшірмелері, белгіленген тәртіппен сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттама) қоса бере отырып, түзетулер ескерілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) жобасы;

2) негіздеуші материалдар қоса берілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) түзетулер енгізу қажеттілігі туралы субъектінің бағалауы;

3) қаржыландырудың және қарыз қаражатын қайтарудың ықтимал шарттары;

4) егер инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру үшін респубикалық және (немесе) жергілікті бюджеттен қаражат бөлінетін немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен кредиттер (инвестициялар) тартылатын болса, онда қаржыландырудың мөлшері мен шарттарын растайтын құжаттар қоса беріледі.

Қоса берілетін құжаттар тігіледі, нөмірленеді және субъектінің мөрімен және басшысының не оны алмастыратын адамның қолымен расталады. Қаржы құжаттарына субъектінің басшысы және бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды және субъектінің мөрімен расталады.

25. Уәкілетті органның ведомствоны және мемлекеттік орган (облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органды) Қағидалардың 22-25-тармақтарында көзделген тәртіппен субъектінің бекітілген инвестициялық бағдарламасын (жобасын) түзету туралы ұсынысты қарайды.

26. Табиғи монополия субъектісі инвестиациялық бағдарламаның (жобаның) іс-шараларын табиғи монополия субъектісіне байланысты емес себептер (шарттың екінші тарапының міндеттемелерді орындамауы, конкурс (тендер) өткізілмеді деп тану, еңсерілмейтін күш салдары) бойынша орындамаған жағдайда, инвестиациялық бағдарламаның (жобаның) іс-шараларын орындау мерзімдері инвестиациялық бағдарламаның (жобаның) іс-шаралары іске асырылатын жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) түзету арқылы келесі жылға ауыстырылуы мүмкін.

Табиғи монополия субъектісі негұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шараларды өткізуге немесе реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдерін табиғи монополия субъектісіне байланысты емес себептер бойынша қысқартуға байланысты немесе конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша шығындарды үнемдеу нәтижесінде туындаған, тарифтік сметаға салынған шығындардың толық пайдаланылмаған бөлігінің кемінде елу пайызын жаңа өндірістік активтерді жасауға, кеңейтуге, қалпына келтіруге, жаңартуға, қолдауға, реконструкциялауға және техникалық қайта жарақтандыруға бағыттауға міндетті.

Мұндай жағдайда субъекті инвестиациялық бағдарламаның (жобаның) іс-шараларын іске асыру жылдан кейінгі жылдың 15 қаңтарынан кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайлардың болуын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) түзету туралы ұсынысты уәкілетті органның ведомствоына және мемлекеттік органға (облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына) жолдауға құқылы.

Мемлекеттік орган (облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары) уәкілетті органның ведомствосына 15 ақпантанда дейінгі мерзімде инвестициялық бағдарламаға (жобаға) түзету жүргізу мақсаттылығы немесе мақсатсыздығы туралы қорытынды жолдайды.

Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген жағдай туындаған кезде, уәкілетті органның ведомствосы мемлекеттік органмен бірлесіп инвестиациялық бағдарламаның (жобаның) іс-шаралары іске асырылатын жылдан кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмейтін мерзімде инвестиациялық бағдарламаны түзету туралы шешім қабылдайды. Түзету туралы шешім уәкілетті орган ведомствосының және мемлекеттік органның бірлескен бүйрекімен реестрделеді.

Әкімшілік-аумақтық бірліктің тиісті аумағында реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін, табиғи монополиялар субъектілерінің Мемлекеттік тіркелімінің жергілікті белгіміне енгізілген субъектінің инвестиациялық бағдарламасын (жобасын) түзету туралы шешімді уәкілетті органның ведомствосы облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары мен келісу бойынша инвестиациялық бағдарламаның (жобаның) іс-шаралары іске асырылатын жылдан кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмей қабылдайды.

Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) осы іс-шараларын орындау мерзімдерін қайталап аудиторға жол берілмейді.

5. Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпаратқа талдау жүргізу және осындай талдау жүргізу кезінде инвестициялық бағдарламаны (жобаны) түзету тәртібі

27. Субъекті инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпаратты уәкілетті органның ведомствосына және мемлекеттік органға есепті кезеңнен кейінгі айдың жылдың 1 мамырынан кешіктірмей мыналарды:

- 1) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпаратты;
- 2) пайда және залал туралы есепті;
- 3) инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландырудың нақты жағдайлары мен мөлшері туралы ақпаратты;
- 4) инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестиациялық бағдарламада (жобада) бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпаратты;
- 5) кол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бағдарламада (жобада) бекітілген көрсеткіштерден аудитқу себептерінің түсіндірмелерін қоса береді.

28. Табиғи монополия субъектісі инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпаратты негіздеуші және растаушы материалдарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

29. Уәкілетті органның ведомствоны және мемлекеттік орган субъектінің инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпаратына Заңның 15-3-бабының 9-тармағына сәйкес талдау жүргізеді.

Субъектінің инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпаратына талдау жүргізу қорытындысы бойынша мемлекеттік орган Заңның 15-3-бабының 9-тармағында көзделген мерзім аяқталғанға дейін уәкілетті органның ведомствонына инвестиациялық бағдарламаны орындау туралы ақпаратты қабылдау мақсаттылығы немесе мақсатсыздығы туралы өз қорытындысын жолдайды.

Уәкілетті органның ведомствоны субъектінің инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпаратына талдау жүргізу қорытындысы бойынша Заңның 14-1-бабына сәйкес шешім қабылдайды.

6. Субъектінің инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) орындау барысы туралы тұтынушыларды хабардар ету тәртібі

30. Субъекті тұтынушыларды инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) орындау барысы туралы есепті кезеңнің 15 маусымынан және 15 желтоқсанынан кешіктірмейтін мерзімде жарты жылда бір рет тиісті ақпаратты өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті орган ведомствоның интернет-ресурсында осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабардар етеді.

31. Тұтынушыларды инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) орындау барысы туралы осындай ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастыру арқылы хабардар еткен жағдайда, субъекті уәкілетті органның ведомствонына осындай ақпаратты орналастыру туралы хабарламаны ол орналастырылған сэттен бастап құнтізбелік он күн ішінде тиісті хабарлама жібереді.

32. Уәкілетті орган ведомствоның интернет-ресурсында инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) орындау барысы туралы ақпаратты орналастырған жағдайда, мұндай ақпаратты субъекті уәкілетті органның ведомствонына есепті кезеңнің 5 маусымына және 5 желтоқсанына дейінгі мерзімде жіберіледі.

33. Уәкілетті органның ведомствоны субъекті ұсынған инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) орындау барысы туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында уәкілетті органның ведомствонына инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпарат түскен сэттен бастап құнтізбелік он күн ішінде орналастырады.

7. Субъектінің инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпаратты орналастыру тәртібі

34. Субъекті инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей осы Қағидаларға 3-қосымшаға нысан бойынша орналастырады.

35. Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде өзінің интернет-ресурсында орналастырған жағдайда, субъекті уәкілетті органның ведомствосына осындай ақпаратты ол орналастырылған сәттен күнтізбелік он күн ішінде орналастыру туралы тиісті хабарламаны жолдайды.

36. Егер субъекті инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпаратты уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында орналастыруды жоспарлаған жағдайда, субъекті уәкілетті органға мұндай ақпаратты осы Қағидалардың 30-тармағында көрсетілген күнге дейін кемінде күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей жолдайды.

37. Уәкілетті органның ведомствосы субъекті ұсынған инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында уәкілетті органның ведомствосына инвестиациялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы ақпарат түсінен сәттен бастап күнтізбелік он күн ішінде орналастырады.

Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) бекіту, оларды түзету, сондай-ақ олардың орындалуы туралы акпаратқа талдау жүргізу қагидаларына 1-көсімша

Нысан

Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасы (жобасы)

(субъектінің атауы)

(қызмет түрі)

Инвестициялық бағдарламаның кезеңі: 201 -20 жж.

р/с №	Инвестициялық бағдарлама (жоба) іс-шараларының атавы	Өлшем бірлігі	Саны	Инвестициялардың сомасы, мың теңге (ККС қоспағанда)	Каржыландаудың көзі, мың теңге			
					меншік	қарыз	Бюджет каражаты	Өзге де қызмет есебінен

1	2	3	4	5	6	7	8
---	---	---	---	---	---	---	---

_____ жылға инвестициялық бағдарлама (жоба)							
---	--	--	--	--	--	--	--

201_ жылға БАРЛЫҒЫ							
--------------------	--	--	--	--	--	--	--

1.							
----	--	--	--	--	--	--	--

1.1							
-----	--	--	--	--	--	--	--

2.							
----	--	--	--	--	--	--	--

_____ жылға инвестициялық бағдарлама (жоба)							
---	--	--	--	--	--	--	--

201_ жылға БАРЛЫҒЫ							
--------------------	--	--	--	--	--	--	--

1.							
----	--	--	--	--	--	--	--

1.1							
-----	--	--	--	--	--	--	--

2.							
----	--	--	--	--	--	--	--

Ұйымның басшысы _____ (А.Ә. Т., (болған жағдайда) қолы, күні)

Табиғи монополия субъектісінің
инвестициялық бағдарламаларын
(жобаларын) бекіту, оларды түзету,
сондай-ақ олардың орындалуы туралы
ақпаратқа талдау жүргізу
қағидаларына 2-қосымша

нысан

Табиғи монополия субъектісі инвестициялық бағдарламасы (жобасы) тиімділігінің көрсеткіштері _____

(субъектінің атауы, қызмет түрі)

Инвестициялық бағдарламаның кезеңі: 201_-20_ жж

p/c	Жана жабдықтың сипаттамалары (ЖЖ)			Аудыстырылған жабдықтың сипаттамалары			
	№	Жана жабдықтың сипаттамалары (сорғы, құбыр диаметрі және т.б.)	Саны, дана, м	Бірлік багасы мың. теңге	Жеткізілетін орны көрсетілген жабдықтың атауы (сорғы, құбыр диаметрі және т.б.)	Саны, дана, м	Күні, мың теңге
1	2		3	4	5		6
1.1							7
.							
2..							
	201_ жылға БАРЛЫҒЫ						
1..							
1.1							
.							
2.							

Ұйымның басшысы _____ (Т.А.Ә., (болған жағдайда) қолы, күні)

¹ Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру кезеңінде онғың экономикалық тиімлілігінің есебі саланың ерекшелігі ескеріле отырып өзге де көрсеткіштермен толықтырылады.

Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) бекіту, оларды түзету, сондай-ақ олардың орындалуы туралы ақпаратта талдау жүргізу қағидаларына З-қосымша

нысан

Табиғи монополия субъектісінің _____ жылға инвестициялық бағдарламаны (жобаны)* орындау туралы ақпараты* _____

Субъектінің атауы, қызмет түрі

№ р / стаудардың , жұмыстардың) атауы және қызмет көрсетілетін аумак	Реттеліп көрсетілетін қызмететрді (тауарларды, жұмыстарды) жоспарлы және нақты ұсыну көлемдері туралы ақпарат						Инвестициялық бағдарламаны (жоба) шенберіндегі көрсетілетін қызметті ұсыну кезеңі			Пайдалар мен залалдар туралы есеп*			Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) сомасы		
	Реттеліп көрсетілетін қызмететрдің (тауарлардың , жұмыстардың) атауы және қызмет көрсетілетін аумак	Іс-шаралардың атауы	Өлшем бірлігі	Заттай көрсеткіштегі скобааны	Инвестициялық бағдарлама (жоба) шенберіндегі көрсетілетін қызметті ұсыну кезеңі	Пайдалар мен залалдар туралы есеп*	Жоспар	Факт	Ауыт						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11					

кестенің жалғасы

Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, мың теңге	Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада (жобада) бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат **
Оз қаражаты	Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (бағдарламаға (жобага) қарай іске асыру жылдары бойынша өндірістік көрсеткіштердің жақсаруы, %
Амортизация Пайда	Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (бағдарламаға (жобага) қарай іске нақты асыру жылдары бойынша негізгі қорлар тозуының төмендеуі (нақты), %

Амортизация	Карыз каражаты	Бюджет каражаты	Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (бағдарламаға (жобага) қарай іске асыру жылдары бойынша өндірістік көрсеткіштердің жақсаруы, %	Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (бағдарламаға (жобага) қарай іске нақты асыру жылдары бойынша негізгі қорлар тозуының төмендеуі (нақты), %	Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (бағдарламаға (жобага) қарай іске асыру жылдары бойынша өндірістік көрсеткіштердің жақсаруы, %	Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (бағдарламаға (жобага) қарай іске асыру жылдары бойынша өндірістік көрсеткіштердің жақсаруы, %
			Откен жылғы факт	Ағымдағы факт	Откен жылғы факт	Ағымдағы факт

* пайдалар мен залалдар туралы есеп "Жария мүдделі ұйымдардың (қаржылық ұйымдарынан басқа) жариялауы үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығының 3-қосымшасына сәйкес ұсынылады;

** - ақпарат саланың ерекшелігінің еске көрсеткіштер бойынша да толтырылады (егер бекітілген инвестициялық бағдарламада (жобада) көзделсе);

**- бұл акпарат инвестициялық бағдарламаны іске асыру бойынша растайтын құжаттарды (тиісті шарттардың, келісімшарттардың көшірмелері, орындалған жұмыстарды қабылдау туралы актілер, орындалған жұмыстардың және шығындардың құны туралы анықтама, шот фактуралар, мемлекеттік қабылдау комиссиялардың пайдалануға қылдау туралы актілері, ішкі ілеспе құжататры, реттелетін нарық субъектілерінің пайдалануға енгізу және теңгерімге қабылдау туралы ішкі бүйректері) қоса беріліп ұсынылады.

Табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) бекіту, оларды түзету, сондай-ақ олардың орындалуы туралы ақпаратқа талдау жүргізу қағидаларына 4-косымша

Нысан

_____ жылға табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау барысы туралы/ инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы табиғи монополия субъектісінің акпараты*

Табиғи монополия субъектісінің атауы, қызмет түрі, бағдарламаны (жобанғы) кім бекітті (күні, бұйрықтың нөмірі)

Каржыландыру көздерінің бөлінісінде инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру туралы ақпарат, мың теңге								
№ р/с	Іс-шараның атауы	Өлшем бірлігі (заттац көрсеткіштер үшін)	Заттай көрсеткіштердегі саны	Инвестициялық бағдарламаның жобаның) сомасы, мың теңге	Өз қаражаты			
			жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт

кестенің жалғасы

Қаржыландыру көздерінің бөлінісінде инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру туралы акпарат, мын тенге

Үйымның басшысы _____ (А.Ә.Т. (болған жағдайда), қолы, күні)

Табиғи монополия субъектісінің
инвестициялық бағдарламаларын
(жобаларын) бекіту, оларды түзету,
сондай-ак олардың орындалуы туралы
акпаратқа талдау жүргізу
қағидаларына 4-қосымшасының жалғасы
нысан

Тиімділік, сенімділік және сапа көрсеткіштері	Есепті кезеңнің алдындағы жылдың (жарты жылдың) фактісі,	жоспар (жыл)	ағымдағы жылдың (жарты жылдың) фактісі	Тиімділік, сенімділік және сапа көрсеткіштеріне қол жеткізууді бағалау	Тиімділік, сенімділік және сапа көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері (негіздемесі)
Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобага) қарай іске асыру жылдары бойынша өндірістік көрсеткіштердің жақсаруы, %					
Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобага) қарай іске нақты асыру жылдары бойынша негізгі қорлар тозуының төмендеуі (нақты), %					

Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) қарай іске асыру жылдары бойынша ысыраптардың төмендеуі, %,			
Бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) қарай іске асыру жылдары бойынша авариялылықтың төмендеуі			
.....			
.....			

Үйымның басшысы _____ (А.Ә.Т. (болған жағдайда), қолы, күні)

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір бұйрықтарына
тізбесіне 4-косымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің
2015 жылғы 17 наурыздағы
№ 219 бұйрығымен бекітілген

Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерді, сондай-ақ электр энергетикасы саласындағы реттелетін нарық субъектісінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) баға жобасын қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерді, сондай-ақ электр энергетикасы саласындағы реттелетін нарық субъектісінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) баға жобасын қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 17-бабының 2-тармағына және 14-1-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын уәкілдемі орган ведомствосының (бұдан әрі - уәкілдемі органның ведомствосы) табиғи монополиялар

субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерді және электр энергетикасы саласындағы реттелетін нарық субъектісінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) баға жобасын қарau кезінде жария тыңдауларды өткізу тәртібін айқындайды.

2. Жария тыңдаулар өткізудің мақсаты ашықтықты, хабардарлықты, тұтынушылар мен табиғи монополиялар субъектілері (электр энергетикасы саласындағы субъекті) мүдделерінің теңгерімін сақтауды, тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін қалыптастырудың ашықтығы мен шынайылығын қамтамасыз ету болып табылады.

3. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) жария тыңдаулар - табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) немесе оның шекті деңгейінің жобасын, сондай-ақ электр энергетикасы саласындағы реттелетін нарықтар субъектісінің тауарларына (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) баға жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихаттың депутаттарын, жергілікті өзін өзі басқару органдарының өкілдерін, мемлекеттік органдардың, тұтынушылардың және олардың қоғамдық бірлестіктерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін, тәуелсіз сарапшыларды және табиғи монополиялар субъектілерін шақыра отырып өткізілетін талқылау рәсімі;

2) уәкілдеп мемлекеттік органдар – табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдарындағы ведомство;

4. Жария тыңдауларды өткізу қағидаттары:

1) жариялышы;

2) тұтынушылар мен табиғи монополиялар субъектілері мүдделерінің теңгерімін сақтау;

3) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін қалыптастырудың ашықтығы.

5. Уәкілдеп мемлекеттік органдар – табиғи монополиялар салаларындағы ведомство ЗАңның 17-бабы 2-тармағының бірінші бөлігінде көзделген мерзімде жария тыңдауларды өткізгенге дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын жария тыңдауларды өткізілетіні туралы хабарландыруды өзінің интернет-ресурсында орналастырады және табиғи монополия субъектісі немесе электр энергетикасы саласындағы реттелетін нарық субъектісі өз қызметін

жүзеге асыратын тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте таратылатын баспасөз басылымдарында аптасына кемінде екі рет шығарып жариялады. Жария тыңдауларды өткізу мерзімдері:

1) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде - заңнамада белгіленген тәртіппен күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей;

2) табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде Заңның 18-бабының 5-тармағына сәйкес, сондай-ақ электр энергетикасы саласындағы субъектінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) - күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей;

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қуаты аз табиғи монополиялар субъектілеріне қолданылмайды.

6. Уәкілетті органның ведомствоның тұтынушыларға қуаттылығы аз табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде жария тыңдаулар өткізілетіні туралы өзінің интернет-ресурсында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы хабарлайды.

Куаттылығы аз табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде жария тыңдаулар өткізу мерзімі - оларды бекіту туралы шешім қабылданғанға дейін күнтізбелік бір күннен кешіктірмей.

7. Алдағы болатын жария тыңдаулар туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді:

1) тыңдауларды ұйымдастырушының атауы мен орналасқан орнын;

2) тыңдаулардың өткізілетін күні, орны мен уақытын;

3) табиғи монополия субъектісінің атауын және тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) түрлерін не электр энергетикасы саласындағы реттелетін нарық субъектісінің атауын және тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларды көтеру туралы хабарлама берілген тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) түрлерін;

4) уәкілетті орган ведомствоның және табиғи монополия субъектісінің ақпарат алу мүмкін болатын байланыс телефондарын;

5) уәкілетті органның және табиғи монополия субъектісінің интернет-ресурсының мекенжайын (болған жағдайда) қамтиды.

8. Табиғи монополиялар субъектілерінің Мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің жобаларын талқылау, сондай-ақ электр энергетикасы саласындағы субъектінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаларды талқылау жөнінде жария тыңдауларды өткізу кезінде уәкілетті органның ведомствоны тиісті жергілікті мемлекеттік басқару органдарын шақырады.

9. Табиғи монополия субъектісі жария тыңдауларды өткізу күні туралы ақпарат жарияланғаннан кейін жария тыңдауларға қатысуышылардың талабы бойынша:

реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтік сметалардың, тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің жобаларын;

реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру себептері туралы экономикалық негізделген есептері бар ақпаратты береді.

2. Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін және электр энергетикасы саласындағы реттелетін нарық субъектісінің тауарларына (жұмыстарына, көрсетілетін қызметтеріне) бағаның жобасын бекітуге арналған өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдауларды өткізу тәртібі

10. Тыңдаулар уәкілетті органның ведомствоны айқындаған үй-жайда кедергісіз кіруді қамтамасыз ету арқылы өткізіледі.

11. Жария тыңдаулар өткізу үшін уәкілетті органның ведомствоны қызметкерлерінің ішінен жария тыңдаулардың төрағасы (бұдан әрі - төраға) тағайындалады. Төраға қуаты аз табиғи монополия субъектісінің өтінімдерін қарауды қоспағанда, уәкілетті органның ведомствоны қызметкерлерінің ішінен жария тыңдаулардың хаттамасын жүргізетін хатшыны тағайындейдь.

12. Жария тыңдауларды өткізу процесінде жазбаша нысанда хаттама жүргізіледі.

13. Төраға әрбір жария тыңдауға регламент белгілейді.

14. Төраға белгіленген уақытта тындауларды ашады, олардың мақсатын және күн тәртібін жариялады. Төраға қатысуышыларды тындауларды өткізу регламентімен таныстырады.

15. Өз сөзінде табиғи монополия субъектісі (электр энергетикасы саласындағы субъекті) бағаларды талқылау жөнінде жария тындауларды өткізу кезінде) өзі көрсететін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) ұсынылып отырған тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) деңгейіне немесе оның шекті деңгейіне растаушы фото, бейне материалдарды қоса бере отырып, егжей-тегжейлі түсініктеме және негіздеме береді (ол болған кезде).

16. Төраға жария тындауларда сөз сөйлейтіндерге сұраптар қояды, қаралып отырған мәселелер бойынша өз ұстанымын білдіреді, тындауларға қатысуышының тындау регламентін бұзатын, сондай-ақ жария тындаулардың тақырыбына қатысы жоқ сөзін бөледі.

Жария тындауларды өткізу кезінде тәртіпті бұзатын тұлғаға төраға ескерту жасайды. Тәртіпті қайта бұзған жағдайда тындауларға қатысып отырған адам Үй-жайдан шығарылады.

17. Жария тындауларға қатысуышылар қаралып отырған мәселелер бойынша өз көзқарастарын білдіреді, сөз сөйлеушілерге сұраптар қояды, өз сөздерінде көмекші материалдарды (плакаттар, кестелер және тағы басқалар) пайдаланады және жария тындаулардың хаттамасына сөйлеген сөзін жазбаша қоса береді.

18. Төраға тындаулардың қорытындысын шығарады және жария тындауларды жабады.